

Павлодар облысының білім беру басқармасы
Май ауданының білім беру бөлімінің «Қаратерек жалпы орта білім
беру мектебі» КММ

**2023-2024, 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛДАРЫ
ҮШІН 2025 ЖЫЛҒЫ ҚЫРКҮЙЕК-ҚАЗАН
АРАЛЫҒЫНДАҒЫ МЕКТЕПТІҢ ӨЗІН-ӨЗІ
БАҒАЛАУ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК
АТТЕСТАТТАУ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ЕСЕБІ**

Қаратерек ауылы, 2025ж

МАЗМҰНЫ:

1. БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ
2. БӨЛІМ.КАДРЛЫҚ ҚҰРАМҒА ТАЛДАУ
 - 2.1 Педагогтердің оқу жүктемесі (тарифтеу) туралы мәліметтер.
 - 2.2 Педагогтердің білімі туралы мәліметтер
 - 2.3 Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары туралы мәлімет
 - 2.4 Конкурстар мен жарыстардың қатысушыларын және жеңімпаздарын дайындаған педагогтер
3. БӨЛІМ. БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ
 - 3.1 Білім алушылар контингенті туралы мәліметтер
4. БӨЛІМ. ОҚУ -ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС
 - 4.1 Жылдық оқу-тәрбие жұмысының жоспар
 - 4.2 Оқу жұмыс жоспары мен сабақ кестесі
 - 4.3 Факультативтері мен таңдау курстарын іске асыр
 - 4.4 Оқу сапасының көрсеткіштері
 - 4.5 Ерекше білім беру қажеттіліктерін, білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру
 - 4.6 Дарынды оқушылармен жұмыс
5. БӨЛІМ. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ.
6. БӨЛІМ. ОҚУ МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР
 - 6.1 Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер
 - 6.2 Оқушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер
 - 6.3 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәлімет
7. БӨЛІМ. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ КІТАПХАНА ҚОРЫ
 - 7.1 Компьютерлік сыныптардың, компьютерлердің, интернетке қосылудың болуы туралы мәліметтер
 - 7.2 ҰББМБ жұмысын ұйымдастыру сапасы
8. БӨЛІМ. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ
- 9.БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШАЛАРДЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ САУАЛНАМАСЫ
 - 9.1 Сауалнама нәтижелерінің талдауы.
- 10 БӨЛІМ. КЕМШІЛІКТЕР МЕН ЕСКЕРТУЛЕР, ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ.
- 11 БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР

Мектептің өзін-өзі бағалауды іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 23 қазандағы “2025 жылғы мемлекеттік аттестаттауға жататын Павлодар облысының білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы” №425 негізінде және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығының негізінде және Май аудандық «Мектептің өзін-өзі бағалауды іске асыру туралы» 2025 жылғы 30 сәуір №1-07/175 н/қ бұйрығы негізінде және Қаратерек жалпы орта білім беру мектебінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі №1-07/94-1 бұйрығы негізінде өзі-өзі бағалау жүргізілді.

2025 жылғы 23 мамырдағы №1-07/108-1 бұйрығы негізінде Өзін-өзі бағалауды сапалы өткізу үшін комиссия құрамы төмендегідей құрылды:

Мылтыкбаев Д.Ж- мектеп директоры, комиссия төрағасы

Изатбекова А.Б - директордың ОІЖ орынбасары, комиссия төрайымының орынбасары;

Кайсина Л.К - директордың ОІЖ орынбасары, комиссия мүшесі;

Топанова С.А- директордың ТІЖ орынбасары, комиссия мүшесі

Спанова Р.К. -директордың ІІЖ орынбасары, комиссия мүшесі;

Оспанова З.К-шағын орталық тәрбиешісі, комиссия мүшесі

Мусина М.М-ақпараттандыру ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

Комиссиямен бағалау өлшем шарттарымен, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсанадғы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарын бекіту туралы» № 12 бұйрығымен бекітілген бірыңғай тәсілмен ұсынылған өзін-өзі бағалаудың бағыттары іске асырылды.

1.БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Мектеп білім беру қызметін жүзеге асыру үшін «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңына (бұдан әрі – «Білім туралы» ҚРЗ) сәйкес келесі құжаттарға негізделеді:

- 1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама;
- 2) жарғы;
- 3) лицензия мен лицензияға қосымшалар.

Мектеп заңды тұлға мәртебесін тиісті мемлекеттік органдарда тіркеуден өткен және мемлекеттік тіркеу туралы құжат алған сәттен бастап алады. Мектеп директоры заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжатты алған сәттен бастап білім беру мекемесі мектептің қабылданған Жарғысы шеңберінде қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыруға құқық алады.

Білім беру ұйымының толық атауы: Павлодар облысының білім беру басқармасы, Май ауданының білім беру бөлімінің «Қаратерек жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен жайы және нақты орналасқан жерінің мекен жайы): Павлодар облысы, Май ауданы, Қаратерек ауылы, Жамбыл Жабаев 17/3 құрылыс

Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт): 8 71838 97 231, karaterekmektebi@yandex.kz karaterek.bilimmai.edu.kz, мектеп сайты:

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының аты-жөні, лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі): Кайсина Ляйля Кулумхановна Май ауданының білім беру бөлімінің 2025 жылдың №1-07/73 н/қ бұйрығымен мектеп директорының м.а болып тағайындалды.

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Павлодар облысының әділет департаменті, заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы БСН 970140002951, 12.01.2021 жылғы

Құрылтайшылары (қатысушылары): «Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;

Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні: 1997 жылғы 27 қаңтар

Мектеп жарғысы: Павлодар облысы қаржы басқармасының 2021 жылғы 05 қаңтардағы №1 бұйрығымен бекітілді. 2025 жылы 20 мамырда Павлодар облысы қаржы басқармасының №308 бұйрығы негізінде өзгерістер енгізілді.

Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон):

Лицензия №KZ 06LAM00002419, алғашқы берілген күні 25.12.2001 ж. жаңартылды 29.04.2025ж

Мектептің техникалық паспорты

Мектептегі қабат саны: 2

Жер ауданы:1,5918 га

Мектеп ғимаратының жалпы ауданы: 2384,3 кв.м

Мектептің салынған жылы:1962ж, 1977ж

Мектептің жобалық қуаты: 550 оқушыға арналған орын

Мектепте 23 кабинет бар.

Оқыту тілі: қазақша

Ауысым: 1 ауысымды

p/c	Кабинеттер атауы	Саны
	Оқу кабинеттері	23
1	Химия	1
2	Биология	1
3	Бастауыш	4
4	Технология	2 (ұл,қыз)
5	Тарих	1
6	Қазақ тілі	1
7	Математика	1
8	Орыс тілі	1
9	Физика	1
11	Информатика	1
12	География	1
13	МАД кабинеті	1
14	It кабинеті	1
15	Шетел тілі	1
16	Спорт зал	1
17	Шахмат кабинеті	1
18	Акт залы	1
19	Психолог кабинеті	1
20	Домбыра кабинеті	1

Материалдық- техникалық база

1	Зертхана	2
2	Акт залы	70 орындық
3	Асхана	60 орындық
4	Кітахана	8 орындық
5	Медициналық блок	1
6	Нетбук	33
7	Ноутбук	5
8	Компьютер	6+4
9	Планшет	2
10	Интернет жылдамдығы	60 мбит/сек
11	Музей	1
12	Физика жабдықталған кабинет	2025ж
13	Химия жабдықталған кабинет	2025ж
14	Биология	2025ж

	жабдықталған кабинет	
15	Тач-панель	1
16	Проектор	4
17	Интерактивті тақта	5

Мектеп жанындағы шағыр орталық паспорты

Құрылған жылы: 1959ж, қайта ашылды 2012ж

Мектепке біріктірілді: 2021 жылы

Мекен -жайы: Н.Баймуратова көшесі 22

Проект орны: 50

Жалпы ауданы: 791 кв.м

Бос алаңдардың болуы: 1 топ

Тәрбиеленушілер саны: 32

1	Ойын бөлмелері	3
2	Ұйықтау бөлмелері	2
3	Спорт зал	1
4	Акт залы	1
5	Медициналық кабинет	1
6	Әдіскер кабинеті	1
7	Музыка кабинеті	1
8	Кір жуу бөлмесі	1
9	Асхана	1
10	Қойма бөлмелері	2
11	Ас тарату бөлмесі	3
12	Қазандықтар бөлмесі	1
13	Ата-аналар қолдау бөлмесі	1
14	Балаларға арналған ойын алаңы	3
15	Балаларға арналған жабық беседкалар	3 (20м²)
16	Жалпы территория қоршауы	Бетон, темір

Мектеп әкімшілігі туралы мәлімет

Мектеп директорының м.а Кайсина Ляйля Кулумхановна білімі – жоғары, еңбек өтілі – 16 жыл. Мектеп директорының м.а ретінде III санат. Биология пәнінің мұғалімі ретінде - педагог-сарапшы

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Изатбекова Айнаш Балгабаевна білімі – жоғары, еңбек өтілі –16 жыл. Басшының орынбасары ретінде III санатты. Тарих пәні мұғалімі, педагог – сарапшы

Директордың инновация ісі жөнінде орынбасарлары:

Спанова Ризагуль Кадыровна білімі – жоғары, еңбек өтілі – 28 жыл. Басшының орынбасары ретінде III санатты, қазақ тілі және әдебиеті пән мұғалімі, педагог – сарапшы.

Акибай Гульдана Игілікқызы білімі- жоғары, еңбек өтілі- 11 жыл. Басшының орынбасары ретінде III санатты, қазақ тілі және әдебиет пән мұғалімі, педагог – сарапшы

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Топанова Сандуғаш Амангелдиновна білімі – арнаулы орта, еңбек өтілі – 7 жыл. Басшының орынбасары ретінде санатсыз, бастауыш сынып мұғалімі, санатсыз.

Айтказина Динара Серикболовна білімі-жоғары, еңбек өтілі-3 жыл. Басшының орынбасары ретінде санатсыз, бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор.

Директордың ақпараттандыру ісі жөніндегі орынбасары:

Мусина Меруерт Мухтарбековна білімі – жоғары, еңбек өтілі – 13 жыл. Басшының орынбасары ретінде III санатты, информатика пән мұғалімі, педагог- сарапшы.

Мектептегі біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.04.2023 №100 бұйрығына енгізілген өзгерістермен сәйкес сақталады.

“Білім берудегі өзгерістің 1000 көшбасшысы” кадрлық резервті мектеп директорының м.а Кайсина Ляйля Кулумхановна сәуір 2025 жылдан бастап оқып жатыр.

Біліктілік арттыру курсы “Білім берудегі менеджмент” білім беру ұйымдарының басшыларын біліктілігін арттыру бойынша 27.01-07.02.2025 жыл аралығында 80 академиялық сағат көлемінде курсты Арынова А.К, Мусина М.М, Изатбекова А.Б, Спанова Р.К өтті.

“Тәрбие жұмысының менеджменті” 04-15.08.2025ж аралығында 80 сағаттық курсын МДТІЖО Топанова С.А өтті. “Білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу бағдарламасының ғылыми-практикалық негіздері” (Өркен) 08-19.09.2025 аралығында МДОІЖО Айтказина Д.С 80 сағаттық курсын өтті.

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысы «Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыта отырып, білім сапасын арттыру.» тақырыбы бойынша жүргізіліп, өз жұмысын жан-жақты дамыған тұлға дайындауға бағытталған.

Мектепте биылғы оқу жылында 1-11 сынып комплектісі бар, барлығы 11 сынып комплектісінен тұрады, барлығы 104 оқушы және 13 тәрбиеленуші білім алуда, олар:

Мектепалды даярлық сыныбында 13 тәрбиеленуші

1-4 сыныптар арасында барлығы 38 білім алушы,

5-9 сыныптар арасында 44 білім алушы

10-11 сыныптар арасында 20 білім алушылар бар.

Лицей сыныптарында оқу пәндері жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша жүргізіледі.

Мектеп жанындағы шағын орталық тәрбиеленушілерінің саны-29, 2 топ жұмыс жасайды, олар:

Ортаңғы және ересектер тобы (3-4 жас аралығы)- 16 тәрбиеленуші,

Ересек және кіші жас тобында (1-2 жас аралығында)-13 тәрбиеленуші

Мектеп білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырады.

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (23.09.2022 №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен)

- Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 14 сәуірдегі № 74 бұйрығының мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған үлгілік оқу жоспарының

1-қосымша 1-4 сыныптар, №161 27.06.2024

19- қосымша 5-9 сыныптар, №412 30.09.2022

27- қосымша 10-11 сыныптар, №264 18.08.2023)

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығы)

- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы

- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы

- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05 2020 ж. № 216 бұйрығы

- «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің

2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚРБҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы

- «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы

- «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. №83 бұйрығы

- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы

- «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 4.05.2020 ж. №175 бұйрығы

- «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы

- «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.10.2018 ж. №564 бұйрығы

- «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы

- «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 7.12.2011 жылғы № 514 бұйрығы

- «Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы

- «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 23.06.2022 ж. №292 бұйрығы

- «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы

- «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы

- «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы, аталған бұйрықтарды ескере отырып жұмыстар жүргізіліп келеді.

- «Орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталуы және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» ҚР Оқу -ағарту министрі м.а 2025 жылғы 5 тамыздағы №174 бұйрығы негізінде

1) 2025 - 2026 оқу жылының басталуы - 2025 жылғы 1 қыркүйек- 2026 жылғы 25 мамырды қоса алғанда;

2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12)-сыныптарда – 34 оқу аптасы

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12) – сыныптарда:

I тоқсан-8 оқу аптасы, күзгі демалыс –7 күн (2025 жылғы 27 қазан – 2 қарашаны қоса алғанда),

II тоқсан-8 оқу аптасы, қысқы демалыс – 10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсан-2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда),

III тоқсан-10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – 11 күн (2026 жылғы 19-29 наурызды қоса алғанда),

IV тоқсан-8 оқу аптасы.

1. БӨЛІМ. КАДРЛЫҚ ҚҰРАМҒА ТАЛДАУ

2.1 Педагогтердің оқу жүктемесі (тарифтеу) туралы мәліметтер.

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы ҚР Оқу -ағарту министрінің м.а 2023 жылғы 21 шілдедегі №224 бұйрығы негізінде педагогтердің оқу жүктемелері және штаттық бірліктер саны белгіленді.

Қызметкерлер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығымен (өзгерістер енгізу туралы 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338) «Педагогикалық қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» және мектептің ішкі тәртібі ережесіне сәйкес өздерінің қызметтік міндеттерімен таныс.

□ Педагогикалық қызметкерлердің жалпы саны -22 , оның ішінде басшы қызметкерлер – 6

Пән мұғалімдері – 22, қосымша жұмыс атқарушы – 0

Бала күтіміне қатысты декреттік демалыста – 2

Педагог кадрларды талдау. (3 жылдық салыстырмалы кесте)

	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
Педагогтар саны	24	25	24
Мұғалімдер саны	22	23	22



Ескерту: Педагогикалық құрамының ішінде: педагог психолог-1, кітапханашы-1, ал мұғалімдер құрамының ішінде: әлеуметтік педагог-1, аға тәлімгер-1 бар.

Тұжырымдар: 2025-2026 оқу жылында 22 мұғалім, өткен оқу жылымен салыстырғанда 1 жоғары білімді, педагог- зерттеуші маманмен кеміді. Себебі басқа жұмыс орнына ауысты.

Тәрбиеші кадрларды талдау.

	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
Шағын орталық тәрбиешілер саны	6	6	6
Барлығы	6	6	6

Тұжырымдар: 2025-2026 оқу жылында шағын орталық және МАД сыныбында тәрбиешілер саны 6, оның ішінде шағын орталық тәрбиешілер

-4, музыка жетекшісі-1, МАД тәрбиешісі -1. Жоғары білімді -1, арнаулы орта -5 тәрбиеші бар.

2.2 Педагогтердің білімі туралы мәліметтер

Қазіргі уақытта мектепте жалпы мұғалім жұмыс атқаруда. Оның ішінде жоғары білімі бар- 18 (82%), педагог магистр дәрежесін алған-2 (9 %), арнайы – орта білімі бар- 2 (9 %).

Оқу жылы	Барлық мұғалімдер	жоғары білімді	Магистр	арнайы-орта білім
2023-2024	22	18 (82%)	0	4(18%)
2024-2025	23	20 (87%)	0	3 (13%)
2025-2026	22	18(82%)	2 (9%)	2 (9%)



Тұжырымдама:

Биылғы оқу жылында 2 магистр яғни Камзин К.С тарих пәнінің мұғалімі магистр дәрежесін алды және жаңадан жұмысқа қабылданған Апаев К.А магистр дәріжесі бар дипломмен келді. Жоғары білімі бар мұғалімдер қалыпты. Арнаулы орта 1 маманға кеміді, бастауыш сынып мұғалімдерінің декреттік демалыста болуына байланысты. Топанова С жоғары білім оқуда Павлодар мемлекеттік институтында бастауыш сынып мұғалімі ретінде. Жанысов Б.Т көркем еңбек мұғалімі, арнаулы орта зейнеттік жасына байланысты.

Педагогтердің біліктілік санатының деңгейі

Мектепте барлық құжаттар ҚР Білім және ғылым министрінің «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» 27.01.2016 ж. №83 бұйрығы бұйрығымен бекітілген, педагог мамандарды аттестатау ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

2025-2026 оқу жылында Павлодар облысының білім беру басқармасының 26 тамыз 2025 жылғы №2-02/477 бұйрығы Казангапова А.Р математика және Иманғалиева Т.Е биология пәні мұғалімдері «Педагог-зерттеуші» санаттарын растады, Май ауданының білім беру бөлімінің №1-07/296 29.08.2025ж бұйрығы Акибай Г.И қазақ тілі және әдебиеті «Педагог-сарапшы» біліктілік санаты берілді, Қаратерек жалпы орта білім беретін мектебінің №1-07/158 29.08.2025ж бұйрығы негізінде «Педагог-модератор»

Досымханов Ж.Т дене шынықтыру, Шакарова Б.К бастауыш сынып, Мылтыкбаев Д.Ж АӘЖТД, Изатбекова А.Б география, Оспанова З.К тәрбиеші санаттары берілді.

2025-2026 оқу жылында мектеп бойынша «Педагог-зерттеуші» -4 мұғалім (18%), «Педагог-сарапшы»- 6 мұғалім (27%), «Педагог-модератор»- 8 мұғалім (36%) құрайды.

Оқу жылы	Барлығы	Педагог - зерттеуші	Педагог - сарапшы	Педагог-модератор	Санатсыз, педагог	II санат
2023-2024	22	4(18%)	3(14%)	2(9%)	13 (59%)	0
2024-2025	23	3(13%)	6(26%)	4(17%)	9 (39%)	1 (4%)
2025-2026	22	4 (18%)	6(27%)	8 (36%)	4 (18%)	0




Тұжырымдама: Мектептің пән мұғалімдерінің сапалық көрсеткіштері көтеріп келе жатқаны байқалады, яғни педагог -модераторлар саны артты, 1 педагог -сарапшы информатика пәнінің мұғалімі декреттік демалыста отыр. Жылдан жылға мұғалімдердің санаттары көтерілуде, бұл дегеніміз мұғалімдер ізденушілікпен айналысып, кәсіби шеберліктерін артуда. Санатсыздар саны азаюда.

Педагогтердің еңбек өтілі

Педагогтердің еңбек өтілі бойынша , 3 жылға дейінгі еңбек өтілі бойынша -3 жас маманмен толықты , 3-10 жылға дейін-3 мұғалім , 11-20 жыл аралығында-10 мұғалім , 20 жылдан жоғары - 6 мұғалім бар.

Оқу жылы	Барлығы	3 жылға дейін	3-10	11-20	20 және жоғары
2023-2024	22	0	2(10%)	10(45%)	10(45%)
2024-2025	23	0	3(13%)	10(43,5%)	10(43,5%)
2025-2026	22	3(14%)	3(14%)	10 (45%)	6 (27%)



Тұжырымдама: Үш жылдық талдау кестесінен еңбек өтілдері 20 жылдан жоғары мұғалімдер саны яғни зейнеткерлер және зейнеттік жасқа жақындаған мұғалімдер азайып, биылғы оқу жылында 3 жас маманмен толықты. 11 жылдан бастап 20 жылдан аса еңбек еткен мұғалімдер тәжірибесі мол мұғалімдерден құрылған. Бұл дегеніміз тәжірибелі мұғалімдер еңбек ететінін дәлелдейді.

Жасы бойынша сапалық құрамы

Мектеп педагогтерінің орта жасы -41 жас. Жас құрамын талдау бойынша мектепте жас және орта жастағы педагогтардың, сондай-ақ оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру және өзара іс-қимыл жасау үшін тәжірибелі педагогтардың жеткілікті әлеуеті бар екенін көрсетеді.

Оқу жылы	Барлығы	24 дейін	25-34	35-44	45-54	55-63	Орта жас
2023-2024	22	0	4	9	4	5	45
2024-2025	23	0	6	9	3	5	44
2025-2026	22	4	4	10	2	2	41



Тұжырымдама: Жас құрамын талдау бойынша мектепте жас және орта жастағы педагогтардың, сондай-ақ оқу- тәрбие үдерісін жетілдіру және өзара іс-қимыл жасау үшін, тәжірибелі педагогтардың жеткілікті әлеуеті бар екенін көрсетеді. Зейнеткерлік жаста 2 мұғалім жұмыс атқарады.

Жас мамандар бойынша мәліметтер.

2025-2026 оқу жылында 3 жас маманмен толықты. Атап айтсам, химия пәнінің мұғалімі Сайлаубай А, математика пәнінің мұғалімі Зиятай Ж және орыс тілі пәнінің мұғалімі Муратова А.К

Оқу жылы	Жас мамандар	Білімі	Тәлімгерлер	Тәлімгерлер туралы мәліметтер
2023-2024 оқу жылы	-	-	-	-
2024-2025 оқу жылы	-	-	-	-
2025-2026 оқу жылы	Муратова АК	Ә. Марғұлан Университеті 2025ж орыс тілі мұғалімі	Камзин К.С	География және тарих пәнінің мұғалімі, магистр, педагог- зерттеуші
	Зиятай Ж	Ә. Марғұлан Университеті 2025ж математикамұғалімі	Казангапова А.Р	Математика пәнінің мұғалімі, педагог- зерттеуші
	Сайлаубай А	Ә.Бөкейханов Университеті 2025ж химия және биология мұғалімі	Имангалиев а Т.Е	Биология пәнінің мұғалімі, педагог- зерттеуші

Тұжырымдама: 2025-2026 оқу жылында 3 жас маман келді, бұйрық бойынша тәлімгерлер тағайындалды. 3 жас маман жоғары білімді.

Тәлімгерлер жұмысы

Мақсаты: Жас мамандарға педагогикалық шеберлікті арттыру және теориялық білімдерін жетілдіру сұрақтары бойынша практикалық көмек беру арқылы кәсіби тұрғыдан сәтті қалыптастыру.

Міндеттері:

- Жас мұғалімдердің өзін-өзі үзбей жетілдіру қажеттілігін қалыптастыру.
- Оқушыларды білім беру мен тәрбиелеуде жаңа түр мен әдістерді қолдануын қалыптастыру.
- Нормативті-құқықтық құжаттармен таныстыру.
- Жаңа оқу жылында жас мамандардың бастапқы қажеттіліктерін анықтау және әдістемелік жұмыстың түрін таңдау.

Тәлімгердің жұмысы 3 кезеңнен тұрады:

1-ші кезең – бейімделу. Тәлімгер міндеттерін анықтайды және өкілеттіктерін жас маманның, сондай-ақ оның кемшіліктері және дағдылары жүйелеу үшін бағдарламаны жасау.

2-ші кезең – негізгі. Тәлімгер бағдарламасын әзірлейді және іске асырады, түзетуді жүзеге асырады, кәсіби дағдыларын құруға көмектеседі, оған өзінің бағдарламасын өзін-өзі жетілдіруге үйретеді.

3-ші кезең – бақылау-бағалау. Тәлімгер тексереді және жас педагогтың кәсіби құзыреттілік деңгейі дәрежесін анықтайды, оның дайындығын өзінің функционалдық міндеттерімен салыстырады, бағалайды.

Алдағы уақытта қойылатын міндеттер:

- жас педагог құзыреттілігін дамыту мәселелері бойынша зияткерлік және шығармашылық әлеуетін сабақтарында қолданысқа енгізу.

- сабаққа қажетті тиімді әдістерін дұрыс жолмен бағыттау, оқушылармен жұмыс істеу деңгейінде әртүрлі ынталандыруды қамтамасыз ету; оқушылардың бүкіл сабақ бойы рефлексия мен өзін-өзі бақылауын ұйымдастыру.

Тәлімгерлер туралы мәліметтер

Р/с	Т.А.Ә	Еңбек өтілі	Санаты	Мамандығы
1	Камзин К.С	19 жыл	Педагог-зерттеуші	Семей мемлекеттік педагогикалық институт 2005ж тарих және география. Ә.Бөкейханов университеті 2025ж магистр
2	Казангапова А.Р	34 жыл	Педагог-зерттеуші	Павлодар педагогикалық институт 1990ж математика және информатика
3	Имангалиева Т.Е	26 жыл	Педагог-зерттеуші	Павлодар мемлекеттік университеті 1999ж биология

2.4 Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары туралы мәлімет

"Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын жүргізу турады" туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы "ҚР оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 415 бұйрығы, сондай-ақ мұғалімдердің үш жылда кемінде бір рет біліктілікті арттыруға, сондай-ақ үздіксіз кәсіби дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға құқығы бар екендігі «Педагог мәртебесі» туралы бұйрық негізінде айтылған. Әдістемелік қызмет пен мектеп әкімшілігі

жұмысының маңызды бағыты біліктілікті арттырудың курстық жүйесі арқылы мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін ұдайы жетілдіру болып табылады.

Өз білімін жетілдіруде барлық ұстаздар жоспарлы түрде, жоспардан тыс біліктілігін арттыру курстарынан өтуде. Барлық ұстаздар жаңартылған мазмұнда білім беру бағдарламасы бойынша курстан өтті.

Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі: 81%

Мұғалімдердің біліктілік арттыру курстардан өтуі туралы мәлімет

Жылы	Мұғалімдер саны	“Өрлеу” БАҰК	Ни Ш	«ҰҒП дене тәрб. орталығы» РМҚК	ПШО	Инклюзивті білім беру	Менеджмент курсы
2023-2024	22	8 (36%)		3(17%)			
2024-2025	23	11(48%)			9 (39%)	4 (17)	4 (18%)
2025-2026	22				5 (28%)	1 (5%)	1(5%)

Тұжырымдама: Мектеп бойынша педагогтердің 81%-ы біліктілікті арттыру курстарынан өткен. Бұл курстардың жарамдылық мерзімі — 3 жыл. Алдағы жаңа оқу жылында курстан өтпеген 2 мұғалім біліктілік арттыру курсына қатысуы жоспарланып отыр. Олар Зиятай Ж математика жас маман, Казангапова А.Р математика, Апаев Қ ағылшын тілі, Камзина А.А көркем еңбек тапсырыс берілді.

Біліктілік арттыру курстарынан өткен мұғалімдер туралы мәлімет

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Мерзімі	Курс атауы
1	Бекенова А.А	Бастауыш	19.08-29.08.2024ж 80 сағат	Бастауыш мектепке құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру. (Өрлеу БАҰО)
2	Топанова С.А	Бастауыш	21.10-01.11.2024ж 80 сағат 04-15.08.2025ж 80 сағат	Бастауыш мектепке құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру. (Өрлеу БАҰО) “Тәрбие жұмысының менеджменті” (Өрлеу)
3	Самрах Б	Тарих	02.09-13.09.2024ж 80 сағат	Жаһандық құзыреттілік (Өрлеу БАҰО)
4	Камзина А.А	физика	05.08-16.08.2024ж 80 сағат	Физика бойынша білім мен дағдыларды қалыптастырудың заманауи білім беру технологиялары (Өрлеу БАҰО)
5	Шакарова Б.К	бастауыш	20.01-24.01.2025ж 40 сағат	Инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогтердің кәсіби құзыреттіліктері. (Өрлеу БАҰО)
6	Камзин К.С	География	07.02.2025ж 80 сағат	Педагогтердің пәнді құзыреттілігін дамыту: география мен жаратылыстануды оқытудың тиімді тәжірибесі (ПШО)
		Тарих	03.03-14.03.2025 ж 80	Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: тарих пен құқық негіздерін

			сағат	оқытудың тиімді тәжірибесі (ПШО)
7	Мырзагожина О.Д	Орыс тілі	14.02.2025ж 80 сағат	Негізгі мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі (ПШО)
8	Досымханов Д.Т	Д/ш	14.02.2025ж 80 сағат	Негізгі мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі (ПШО)
9	Тұрсын М.К	психолог	12.05-23.05.2025ж 80 сағат	Инклюзивті білім беруді іске асыратын педагогтердің базалық құзыреттіліктерін қалыптастыру (Өрлеу БАҰО)
10	Изатбекова А.Б	Тарих	07.02.2025ж 80 сағат	Білім берудегі менеджмент (ПШО)
			26.09.2025ж 80 сағат	Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: тарих пен құқық негіздерін оқытудың тиімді тәжірибесі (ПШО)
11	Спанова Р.К	Қазақ тілі мен әдебиеті	07.02.2025ж 80 сағат	Білім берудегі менеджмент (ПШО)
			03.03-14.03.2025 ж 80 сағат	Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: қазақ тілін және қазақ әдебиетін оқытудың тиімді тәжірибесі(ПШО)
12	Арынова А.К	Информатика	07.02.2025ж 80 сағат	Білім берудегі менеджмент (ПШО)
			19.08-29.08.2024 ж 80 сағат	Информатика (Өрлеу БАҰО)
13	Мусина М.М	Информатика	07.02.2025ж 80 сағат	Білім берудегі менеджмент (ПШО)
			26.08-06.09.2024 ж 80 сағат	Информатика (Өрлеу БАҰО)
14	Омарова А.А	Бастауыш	21.04-02.05.2025 ж 80 сағат	Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік және жобалық іс-әрекеті (Өрлеу БАҰО)
15	Жанысов Б.Т	Көркем еңбек	07.04-18.04.2025 ж 80 сағат	Дизайн және көркемділік модельдеу саласында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру(Өрлеу БАҰО)
		Музыка	21.04-02.05.2025ж 80 сағат	Музыка пәнінің мазмұны арқылы ұлттық құндылықтарды интеграциялау (Өрлеу БАҰО)
	Мылтыкбаев Д.Ж	тарих	26.09.2025ж 80 сағат	Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: тарих пен құқық негіздерін оқытудың тиімді тәжірибесі (ПШО)
	Айтказина Д.С	МДТЖО	19.09.2025ж 80 сағат	Білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу бағдарламасының ғылыми-практикалық негіздері (Өркен)

2.6 Конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер

«Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу

өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 7.12.2011 жылғы № 514 бұйрығына сай мұғалімдердің жеткен жетістіктері:

Аты-жөні	Олимпиада	Аудан	Облыс	Республика	Халық - аралық
Казангапова Асия Рамазановна	«Педагогикалық бастамалар-2024» конкурсы	1 орын			
Токжигитова Толкын Тулеутаевна	Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасы	2 орын			
Омарова Алтын Амангельдыевна	Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасы	3 орын			

Мұғалімдердің сапалы құрамы олардың кәсіби жетістіктерінен көрінеді, көптеген мұғалімдердің еңбектері кәсіби марапаттарға ие болды. Педагогикалық ұжымның қазіргі құрамынан аттестатталатын кезеңде көптеген мұғалімдер марапатталды.

№	Мұғалім аты-жөні	Атауы
1.	Самрах Бақытхан	Павлодар облысы білім беру басқармасының Құрмет грамотасы
2.	Камзин Куаныш Серикбаевич	Павлодар облысы білім беру басқармасының Алғыс хаты
3.	Арынова Айман Кайратовна	Павлодар облысы білім беру басқармасының Алғыс хаты
4.	Имангалиева Торгын Ергалиевна	Павлодар облысы білім беру басқармасының Алғыс хаты
5.	Шакарова Бибигуль Кумаровна	Павлодар облысы білім беру басқармасының Алғыс хаты
6.	Уалиева Жанылсын Аскарбековна	Павлодар облысы білім беру басқармасының Алғыс хаты
7.	Изатбекова Айнаш Балгабаевна	Аудандық білім бөлімінің Құрмет грамотасы
8.	Топанова Сандуғаш Амангельдиновна	Павлодар облысы білім беру басқармасының Алғыс хаты

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығына сай жалпы білім беретін пәндер бойынша

республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесі бойынша қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындап, педагогтердің соңғы 3 жылдағы жеткен жетістіктері:

Деңгейлер	2023-2024 ж	2024-2025 ж	2025-2026 ж
Халықаралық	0	0	-
Республикалық	72	52	-
Облыстық	10	10	-
Аудандық	35	53	3
барлығы	117	115	-



Оқушыларды дайындаған мұғалімдердің аудандық, қалалық, республикалық, пәндік олимпиадалар мен конкурстардың нәтижелері:

р/с	Жетекшісі	Деңгей	Оқушының аты-жөні	Байқау атауы	Орын
1	Омарова А.А	Аудан	Қайратбек Айбатыр	2-4 сынып оқушылары арасындағы облыстық математикалық турнирдің аудандық кезеңі 2-4 сынып оқушылары арасындағы облыстық математикалық турнирдің аудандық кезеңі 2-4 сынып оқушылары арасындағы облыстық математикалық турнирдің аудандық кезеңі	ІІІ орын (командалық) ІІ орын (жекелей) Алғыс хат
2	Шакарова Б.К	Аудан	Жұмаш Нұрдәулет	2-4 сынып оқушылары арасындағы облыстық математикалық турнирдің аудандық кезеңі	ІІІ орын (командалық)
3	Тогжигитова Т.Т	Аудан	Амангелді Ерсұлтан	2-4 сынып оқушылары арасындағы облыстық математикалық турнирдің аудандық кезеңі 2-4 сынып оқушылары арасындағы облыстық математикалық турнирдің	ІІІ орын (командалық)

				аудандық кезеңі	Алғыс хат
4	Мусина М.М	Аудан	Қайратбек Айзере	2 – 7 сынып оқушылары арасында зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының «Зерде» республикалық конкурсының аудандық кезеңі	ІІІ Дәрежелі Диплом
5	Майманова Г.Б	Аудан	Каримжанов а Айлана	2 – 7 сынып оқушылары арасында зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының «Зерде» республикалық конкурсының аудандық кезеңі	ІІІ Дәрежелі Диплом
6	Майманов А.Н Досымханов Ж.Т	Аудан	Оралбек Асылым	Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 5-6 сыныптар арасындағы футбол жарысы Ұлы Отан соғысының 80-жылдығына және Наурыз мейрамына арналған шағын футболдан 2013 жылы туғандар және одан да кіші жастағы қыздар арасында БЖСМ ашық біріншілігі	2 орын І орын жеңімпазы (командалық)
7	Майманов А.Н Досымханов Ж.Т	Аудан	Сайлаубай Ақнұр	Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 5-6 сынып арасында баскетбол жарысы Ұлы Отан соғысының 80-жылдығына және Наурыз мейрамына арналған шағын футболдан 2013 жылы туғандар және одан да кіші жастағы қыздар арасында БЖСМ ашық біріншілігі	ІІ орын І орын жеңімпазы (командалық)
8	Майманов А.Н Досымханов Ж.Т Спанова Р.К	Аудан Облыс	Смагулова Рузима	Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 5-6 сыныптар арасындағы футбол жарысында Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 5-6 сынып арасында баскетбол жарысы Ұлы Отан соғысының 80-жылдығына және Наурыз мейрамына арналған шағын футболдан 2013 жылы туғандар және одан да кіші жастағы қыздар арасында БЖСМ ашық біріншілігінің «Жас Кемеңгер» облыстық сырттай оқу мектебі	2 орын иегері ІІ орын І орын жеңімпазы (командалық) 3 орын
9	Майманов А.Н Досымханов Ж.Т	Аудан	Мухтарова Аяулым	Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 5-6 сыныптар арасындағы футбол жарысында Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 5-6 сыныптар	2 орын иегері 2 орын иегері І орын

				арасындағы баскетбол жарысында Ұлы Отан соғысының 80-жылдығына және Наурыз мейрамына арналған шағын футболдан 2013 жылы туғандар және одан да кіші жастағы қыздар арасында БЖСМ ашық біріншілігінің Бесасық	жеңім пазы (коман далық) III орын
10	Майманов А.Н Досымханов Ж.Т Уалиева Ж.А	Аудан	Хамитова Аружан	Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 5-6 сыныптар арасындағы футбол жарысында Ұлы Отан соғысының 80-жылдығына және Наурыз мейрамына арналған шағын футболдан 2013 жылы туғандар және одан да кіші жастағы қыздар арасында БЖСМ ашық біріншілігінің «Үздік оқырман» аудандық сайысы	2 орын иегері I орын жеңім пазы (коман далық) 1 орын
11	Спанова Р.К Майманов А.Н Досымханов Ж.Т	Аудан	Мухамеджа ова Шырай	5-6 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінің (қазақ тілі м пен әдебиеті) Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 5-6 сыныптар арасындағы футбол жарысы Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 5-6 сыныптар арасындағы баскетбол жарысы Ұлы Отан соғысының 80-жылдығына және Наурыз мейрамына арналған шағын футболдан 2013 жылы туғандар және одан да кіші жастағы қыздар арасында БЖСМ ашық біріншілігі Бесасық	III Дәреж елі Дипло м 2 орын иегері 2 орын иегері I орын жеңім пазы (коман далық) III орын
12	Майманов А.Н Досымханов Ж.Т	Аудан	Кумарова Айару	Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 5-6 сыныптар арасындағы футбол жарысы Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 5-6 сыныптар арасындағы бесасық жарысы Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 5-6 сыныптар арасындағы баскетбол жарысы Ұлы Отан соғысының 80-жылдығына және Наурыз мейрамына арналған шағын футболдан 2013 жылы туғандар және одан да кіші жастағы қыздар арасында БЖСМ ашық біріншілігі Ұлы Отан соғысының 80-жылдығына және Наурыз мейрамына арналған шағын футболдан 2013 жылы туғандар және одан да кіші жастағы қыздар арасында БЖСМ ашық біріншілігі	2 орын иегері 3 орын иегері 2 орын иегері I орын жеңім пазы (коман далық) Үздік ойын шы номин ацияс ы
13	Майманов А.Н Досымханов Ж.Т	Аудан	Аканова Гульмира	Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 5-6 сыныптар арасындағы футбол жарысы Ұлы Отан соғысының 80-жылдығына және Наурыз мейрамына арналған	2 орын иегері I орын

				шағын футболдан 2013 жылы туғандар және одан да кіші жастағы қыздар арасында БЖСМ ашық біріншілігі	жеңімпазы
14	Майманов А.Н Досымханов Ж.Т Акибай Г.И Имангалиева Т.Е Уалиева Ж.А	Аудан Аудан Аудан аудан	Құсман Зере	Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 7-8 сыныптар арасындағы футбол жарысында Республикалық Мағжан оқулары аудандық кезеңінің «Өлең-менің Шолпаным, Айым, Күнім» Мағжан шығармаларын жатқа оқу бағыты бойынша Көктобе ЖОББ мектебінің жаратылыстану -математикалық бағытының онкүндігі аясында өткізілген «Aqyl battle» атты зияткерлік сайысында «Үздік оқырман» аудандық сайысы	3 орын иегері I Дәрежелі Диплом «Алғыр химик» номинациясымен марапатталды 3 орын
15	Майманов А.Н Досымханов Ж.Т Имангалиева Т.Е	Аудан аудан	Руслан Сардар	Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 7-8 сыныптар арасындағы футбол жарысы Көктобе ЖОББ мектебінің жаратылыстану -математикалық бағытының онкүндігі аясында өткізілген «Aqyl battle» атты зияткерлік сайысында	2 орын иегері «Алғыр химик» номинациясымен марапатталды
16	Майманов А.Н Досымханов Ж.Т	Аудан	Серікбай Әли	Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 7-8 сыныптар арасындағы футбол жарысы	2 орын иегері
17	Майманов А.Н Досымханов Ж.Т	Аудан	Рыскали Бекназар	Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 7-8 сыныптар арасындағы футбол жарысы	2 орын иегері
18	Майманов А.Н Досымханов Ж.Т	Аудан	Мұрат Айғаным	Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 7-8 сыныптар арасындағы футбол жарысы	3 орын иегері
19	Майманов А.Н Досымханов Ж.Т Имангалиева Т.Е Спанова Р.К	Аудан Аудан аудан	Қалел Томирис	Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 7-8 сыныптар арасындағы футбол жарысы Көктобе ЖОББ мектебінің жаратылыстану -математикалық бағытының онкүндігі аясында өткізілген «Aqyl battle» атты зияткерлік сайысында 7-8 сынып оқушыларына арналған жасөспірімдер Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінің (қазақ тілі мен әдебиеті)	3 орын иегері «Алғыр химик» номинациясымен марапатталды

					III Дәреж елі Дипло м
20	Майманов А.Н Досымханов Ж.Т	аудан	Толеханова Еркежан	Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 7-8 сыныптар арасындағы футбол жарысында 3 орын иегері	
21	Майманов А.Н Досымханов Ж.Т	аудан	Нағашыбай Мерейім	Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 7-8 сыныптар арасындағы футбол жарысында 3 орын иегері	
22	Майманов А.Н Досымханов Ж.Т	аудан	Құмар Жасыбай	Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 7-8 сыныптар арасындағы футбол жарысында 2 орын иегері	
23	Майманов А.Н Досымханов Ж.Т	Аудан Облыс	Мухаметрах имов Санжар	Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 7-8 сыныптар арасындағы футбол жарысы Ақтоғай ауданында өткен облыстық футбол жарысы	2 орын иегері 1 орын иегері «Ең үздік» ойын шы номин ацияс ы
24	Майманов А.Н Досымханов Ж.Т	Аудан	Сайлаубай Ерхан	Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 7-8 сыныптар арасындағы футбол жарысында	2 орын иегері
25	Майманов А.Н Досымханов Ж.Т	Аудан	Есболатұлы Мират	Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 7-8 сыныптар арасындағы футбол жарысында	2 орын иегері
26	Майманов А.Н Досымханов Ж.Т	Аудан	Жұмаш Азамат	Аудандық ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша 7-8 сыныптар арасындағы футбол жарысында	2 орын иегері
27	Майманова Г.Б Топанова С.А	Аудан Облыс	Майманова Мирель	8-10 сынып оқушыларына арналған «Жас экорепартер» аудандық экологиялық конкурсы Аудандық жалпы пәндер бойынша олимпиадасы (ағылшын тілі) Аудандық Ғылыми зерттеу жобалар конкурсы (ағылшын тілі) Аудандық көптілділік олимпиадасы 8-10 сынып оқушыларына арналған «Жас экорепартер» облыстық экологиялық конкурсының жүлдегері Ауыл мектептері оқушыларының республикалық олимпиадасының облыстық кезеңі «Аққу» облыстық жобасы аясында «Ұлы даланың ерке қызы» облыстық байқауының аудандық кезеңінде	I дәреж елі дипло м II орын 3 орын иегері 1 орын III дәреж елі дипло м III орын жеңім пазы

					II орын иегері
28	Шакирова А.Е	Аудан	Оспанова Нұрай	Аудандық Ғылыми зерттеу жобалар конкурсы (технология) «Аққу» облыстық жобасы аясында «Ұлы даланың ерке қызы» облыстық байқауының аудандық кезеңінде "Еңбегі адал-жас өрен" республикалық жобасы шеңбердегі "кәсіптер марафоны" "Болашақ дизайнері" номинациясы	3 орын иегері II орын иегері 3 орын
29	Мусина М.М	Облыс			
	Майманова Г.Б	Аудан	Мержан Айзере	Аудандық жалпы пәндер бойынша олимпиадасы (ағылшын тілі) Ауыл мектептері оқушыларының республикалық олимпиадасының облыстық кезеңі "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында "Тыйым сөздер тәрбие көзі" "Аққу" қыздар клубы "Еңбегі адал-жас өрен" республикалық жобасы шеңбердегі "кәсіптер марафоны" "эко -шебер" номинациясы	II орын III орын жеңім пазы Бас жүлде 2 орын
	Топанова С.А	Аудан			
	Шакирова А.Е	Облыс			
30	Топанова С.А	Аудан	Орынтай Ақмарал	«Аққу» облыстық жобасы аясында «Ұлы даланың ерке қызы» облыстық байқауының аудандық кезеңі "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында "Тыйым сөздер тәрбие көзі" "Аққу" қыздар клубы «Ақберен» байқауы «Көркем сөз оқу» бағыты «Білім айнасы» республикалық Абай оқулары конкурсы "Еңбегі адал-жас өрен" республикалық жобасы шеңбердегі "кәсіптер марафоны" "IT -шебер" номинациясы	II орын иегері Бас жүлде 2 орын гран при 2 орын
	Акибай Г.И	Облыс			
	Мусина М.М	облыс			
31	Топанова С.А	Аудан	Даирова Айгерим	«Аққу» облыстық жобасы аясында «Ұлы даланың ерке қызы» облыстық байқауының аудандық кезеңі	II орын иегері
32	Самрах Б	Аудан	Марат Ақниет	Жалпы пәндер бойынша олимпиадасы (Қазақстан тарихы) «Аққу» облыстық жобасы аясында «Ұлы даланың ерке қызы» облыстық байқауының аудандық кезеңі "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында "Тыйым сөздер тәрбие көзі" "Аққу" қыздар клубы	3 орын иегері II орын иегері Бас жүлде
	Топанова С.А	Облыс			
33	Мырзагожина О.Д	Аудан	Сапарова Жұлдыз	Жалпы пәндер бойынша олимпиадасы (орыс тілі)	2 орын
34	Жанысов Б.Т	Облыс	Рысқали Аян	«Махамбет оқулары» байқауына белсенді қатысқаны үшін	Құрме т грамот асы
35	Жанысов Б.Т	Аудан	Бейсенбай Зейнеп	Аудандық Абай оқулары «Көңілім әнді ұғады» бағыты бойынша	III орын

36	Акибай Г.И	Аудан	Топанова Жансая	«Жұмысшы мамандықтар» жылына арналған жоғарғы сыныптар арасында өткен «Менің әкем жұмысшы» аудандық эссе байқауы	III орын
37	Камзин К.С	Аудан	Қозы-Көрпеш Халима	Жалпы пәндер бойынша олимпиадасы (география)	III орын
38	Имангалиева Т.Е	Аудан	Тайтуленова Жансая	Жалпы пәндер бойынша олимпиадасы (биология)	III орын
39	Спанова Р.К	Аудан	Темірхан Аружан	Кенес әскерлерінің шектеулі контингентінің Ауғаныстан Демократиялық Республикасынан шығарылған күніне арналған аудандық іс-шара аясында 11 сынып оқушылары арасында өткізілген «Біз соғысты қаламаймыз!» атты эссе байқауы	III дәрежелі диплом жеңімпазы

Тұжырымдар: Жыл сайын оқушылардың конкурстарға қатысушылар саны артып келеді, барлық конкурстар тізімі Қазақстан Республикасы БҒМ 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығына сай конкурстарға қатысып келеді. Соңғы жылдары педагогтер әртүрлі конкурстар мен олимпиадаларға, ғылыми жобаларға оқушыларды дайындап, аудандық, облыстық деңгейде жүлделі орындарға ие болып жүр. Бірақ пән олимпиадасының облыстық деңгейге қатысушылар үлесі төмен, сондықтан 2025-2026 оқу жылының жоспарында оқушыларды жоғары деңгейде даярлап, жүлделі орындар иеленуге педагогтерді ынталандыру жұмыстарын жүргізу көзделуде. Пән олимпиадаларына оқушыларды дайындап, жүлделі орындарға жетелеу үшін жұмыс атқару қажет.

Педагогтердің іс-тәжірибелерімен бөлісуі және жариялымы.

Білім беруді дамыту жағдайында шығармашылық тұрғыдан ойлайтын, білім берудің заманауи әдістері мен технологияларын меңгерген, өз іс-тәжірибесімен бөлісе алатын, кәсіби деңгейі дамыған педагогтер қажет.

Мектептің мұғалімдері де өз тәжірибелерімен бөлісіп келуде, атап айтсақ

№	Педагогтің аты-жөні	Іс-тәжірибемен бөлісуі
1.	Тұрсын Маржан Канатовна	«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми- практикалық институты
		Павлодар облысы білім беру басқармасы
		«Тәрбие алаңы» жобалық кеңсесі
		Май ауданының білім беру бөлімі ұйымдастырған аудандық семинар
2.	Камзина Аида Айдаргазиновна	«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «Павлодар облысы бойынша кәсіби даму институты өткізген педагогтердік біліктілігін арттыру курсы аясында
3.	Майманова Гульдара	«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

	Балтабековна	«Павлодар облысы бойынша кәсіби даму институты өткізген педагогтердік біліктілігін арттыру курсы аясында»
4.	Спанова Ризагуль Кадыровна	«Сабақты зерттеу: Май ауданы мектептерінің тәжірибесі» атты IV облыстық ғылыми-практикалық конференциясы
5.	Мусина Меруерт Мухтарбековна	«Сабақты зерттеу: Май ауданы мектептерінің тәжірибесі» атты IV облыстық ғылыми-практикалық конференциясы
6.	Казангапова Асия Рамазановна	«Жаһандық ақпараттық қоғамды дамыту контексіндегі функционалдық сауаттылық»
7.	Иманғалиева Торгын Ергалиевна	«Жаһандық ақпараттық қоғамды дамыту контексіндегі функционалдық сауаттылық»
8.	Майманов Асет Нурлыбекович	«Мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагеріндегі белсенді ойындардың маңызы» тақырыбында аудандық семинар

Тұжырымдама : Білім беруді дамыту жағдайында шығармашылықпен жұмыс істейтін, заманауи әдіс-тәсілдерді меңгерген, кәсіби шеберлігі жоғары педагогтерге сұраныс артып келеді. Мектеп мұғалімдері де осы талапқа сай өз тәжірибелерімен белсенді түрде бөлісіп, әртүрлі деңгейдегі семинарлар мен конференцияларға қатысып, кәсіби дамуға жүйелі түрде атсалысуда. Бұл педагогтердің үздіксіз даму үстінде екенін және білім сапасын арттыруға бағытталған жұмыстардың тиімді жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

3 БӨЛІМ. БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

3.1 Білім алушылар контингенті туралы мәліметтер (сыныптардың толымдылығы туралы мәліметтер)

1-4 сыныптарда жеке істерді педагогтар, 5-11 (12) сыныптарда – сынып жетекшілері жүргізеді. Білім алушының жеке ісі оқушының оқуы барысында, сондай-ақ мектепті бітіргеннен кейін үш жыл бойы мектепте сақталады (іс номенклатурасына енгізіледі)

Білім алушылардың жеке ісіне:

- 1) туу туралы куәліктің көшірмесі;
- 2) 3x4 өлшемді 2 фотосурет;
- 3) мектептің медициналық кабинетінде сақталатын медициналық карта (мектепке қабылдау кезінде талап етіледі);
- 4) әр сыныптағы үлгерім табелі салынады.

Оқушылардың іс-қағаздары талапқа сай жүргізіліп отырады. Алфавиттік кітап, оқушының қозғалысын тіркеп отыратын журнал, бұйрық кітабы, келу-кету талондары нормаға сәйкес жүргізіледі. Құжаттарға іс жүргізуші жауап беріп, қадағалап отырады.

Білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған, білім алушының үлгерім табелі электрондық форматта толтырылады.

Оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушының үлгерім табелі ақпараттық жүйеден жүктеледі, директордың қолымен және білім беру ұйымының мөрімен куәландырылады. Білім алушылардың үлгерім табельдерінде үлгерім табельдерін есепке алу кітабындағы реттік нөмірге сәйкес келетін тіркеу нөмірі көрсетіледі. Есеп карточкалары жеке істерде сақталады.

Білім алушылардың үлгерім табельдерін есепке алу кітабы жүргізіледі. Табельді есепке алу кітабының нысаны № 130 бұйрыққа 4-қосымшада көрсетілген. Барлық деректер ҰБДҚ деректеріне сәйкес келеді.

Мектеп бес күндік жұмыс аптасында, бір ауысымда жұмыс істейді. 5-11 сыныптар арасында лицей сыныптары бар. Бірінші ауысым сабақтары сағат 8.30-да басталады, 15.30-дан қосымша сабақ кестесі бойынша лицей компонентінің сабақтары өткізіледі.

Оқушылар контингенті:

оқу жылы	жыл басындағы барлық оқушылар саны	1-4 сыныптар		5-9 сыныптар		10-11 сыныптар	
		Сынып комплектісі	оқушы саны	Сынып комплектісі	оқушы саны	Сынып комплектісі	оқушы саны
2023-2024	112	4	43	6	61	1	8
2024-2025	115	4	43	5	50	2	22
2025-2026	102	4	38	5	44	2	20



Тұжырымдама: өткен жылмен салыстырмалы көрсеткішке қарасақ, -13 оқушыға кеміп қалды, себебі 9 сыныптан кейін оқушылар колледж кетулеріне және ауылдық жерден қалаға көшулеріне байланысты.

Білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер.

2025-2026 оқу жылының басында оқушылар контингенті 102 оқушыны құрады. Оқушылардың іс-қағаздары талапқа сай жүргізіліп отырады. Алфавиттік кітап, оқушының қозғалысын тіркеп отыратын журнал, бұйрық кітабы, келу-кету талондары нормаға сәйкес жүргізіледі. Құжаттарға іс жүргізуші жауап беріп, қадағалап отырады.

Оқушылар қозғалысы

оқу жылы	оқу жылы басындағы оқуы саны	кеткен	келген	оқу жылы соңындағы оқушы саны
2023-2024	117	10	5	112
2024-2025	114	1	2	115
2025-2026	102			

Тұжырымдама: Оқушылар қозғалысының көрсеткішіне сүйенсек, 2025–2026 оқу жылы ішінде мектептегі контингенттің -13 кеміді. Оқушылардың кетуі мен келуі тиісті құжаттармен ресімделіп, барлық іс-қағаздар нормативтік талаптарға сәйкес жүргізіледі.

4.БӨЛІМ. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

4.1 Жылдық оқу-тәрбие жұмысының жоспары

Әр жыл сайын жалпы орта білім берудің негізгі құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне, Мемлекеттік білім стандартының талаптарына сәйкес келетін оқу-тәрбие жұмысының жоспары жасалады. Оқу- тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығына сәйкес құрылды.

Мектептің миссиясы:

«Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде сапалы білім мен тәрбие бере отырып, бәсекеге қабілетті, функционалдық сауаттылығы жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру.»

Пайымдау:Құндылықтар, бәсекеге қабілеттілігі, интеллектуалдылығы, функционалдық сауаттылығы

Міндеттері:

Білім берудің қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету.

➤ Оқушылардың физикалық, рухани-адамгершілік және зияткерлік дамуын қамтамасыз ету.

➤ Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру.

➤ Қазақстандық патриотизм рухында жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

➤ Ұлтаралық қатынастарды нығайту мақсатында көпмәдениетті ортаны құру.

➤ Оқушыларға бағытталған білім берумен қатар тиімді инновациялық оқыту технологияларын қолдана отырып, олардың әлеуетін жүзеге асыру үшін дағдылар мен қабілеттерін дамыту.

➤ Экологиялық сананы дамыту.

Оқу-тәрбие жоспары төмендегі бөлімдерден тұрады:

1. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;

2. Оқу процесінің сапасын бақылау;

3. Оқушылардың білімдегі олқылықтарының орнын толтыру бойынша және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты бақылау;

4. Оқу-зерттеу қызметі;

5. Мұғалімнің шеберлік деңгейі мен әдістемелік дайындығының жай-күйін бақылау;

6. Тәрбие процесінің сапасын, іс-шараларды өткізуді бақылау.

4.2 Оқу жұмыс жоспары мен сабақ кестесі

Оқу жоспары оқу пәндерінің (сабақ) тізбесін регламенттейді және білім берудің тиісті деңгейіндегі оқу жүктемесінің инвариантты және вариативті компоненттерінің көлемін, білім беру мекемесінің түрін, білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін анықтайды.

Меншік түрі мен нысанына қарамастан білім беру ұйымдарына үлгілік

оқу жоспарын таңдауда академиялық еркіндік беріледі. Білім беру ұйымы педагогикалық кеңестің шешімімен ағымдағы оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспарына негіздеме болатын үлгілік оқу жоспарын таңдайды.

Мектептің оқу жоспары 11 жылға негізделінген (1-11 сыныпқа дейін).

Оқу жоспарының құрылымында мыналар белгіленген:

1. Мектептегі базалық білім мазмұнының өзегін көрсететін инварианттық оқу жүктемесі;

2. Оқушылардың мүдделігі мен қабілеттеріне сәйкес олардың жеке тұлғасын дамытуға бағытталған вариативтік оқу жүктемесі. Білім беру салаларында белгіленген пәндерді оқытуға (соның ішінде тереңдетіп оқытуға), жаңа оқу курстарын, факультативтерін енгізуге, дара және топтық сабақтар жүргізуге пайданылады.

Мектепте бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің Мемлекеттік білім беру стандарттары мен Типтік Оқу Жоспарының (ТУП) талаптарына сәйкес келетін Жұмыс Оқу Жоспары (РУП) және сабақ кестелері бар.

Оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі - ОЖЖ) – жалпы білім беру ұйымы әзірлейтін және ҚР МЖМБС және үлгілік оқу жоспары негізінде жаңа оқу жылы басталғанға дейін жыл сайын бекітілетін құжат.

Білім беру ұйымының жұмыс оқу жоспары педагогикалық кеңестің отырысында қаралып, педагогикалық кеңестің шешімімен бекітіліп, ауданның (қаланың) білім басқармасымен келісіліп жасалды.

Білім беру ұйымдары оқу сабақтарының кестесі ОЖЖ негізінде жүзеге асырылады.

Инвариантты және вариативті компоненттің жұмыс оқу жоспарының оқу жүктемесінің жалпы көлемі «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес келеді.

2023-2024 оқу жылында оқу процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету:

2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс: – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №

348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 бұйрығымен, 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы; ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 ж. № 467 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

– «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы, ҚР Оқуағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

– «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.08.2022 ж. №376 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

– «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығы;

– «Мамандандырылған білім беру ұйымдарының желісін және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі оқу-әдістемелік кеңес туралы ережені бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 шілдедегі № 428 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрінің 02.02.2022 ж. №34 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен;

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы;

– «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

– «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 12.10.2018 ж. №564 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.08.2022 ж. №350 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

– «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрінің 31.05.2022 ж. №251 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен;

– «Жеңімпаздары, жүлдегерлері және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №333 бұйрығы);

– «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығы, жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 17.08.2022 ж.

№ 371 бұйрығымен);

– «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусым №292 бұйрығы;

– «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы);

– «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы).

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген барлық деңгейде білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес:

1-4-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының міндетті түрде оқытылуы қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны «Дүниетану» пәні аясында жүзеге асырылады; жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады;

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады;

5-9-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту «Дене шынықтыру» оқу пәнінің аясында дене шынықтыру мұғалімдерімен жылдық 15 сағаттық оқу жүктемесімен жүзеге асырылады. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып есептеледі және оқу

уақытында өткізіледі.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

Негізгі орта (5-8-сыныптар), жалпы орта (10-сынып) білім беру деңгейінде академиялық жыл аяқталған соң қазақ тілінен емтихан тапсыру енгізілді.

5-9-сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттер» курсын оқуға бөлінеді.

Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес (ҚР БҒМ 2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 бұйрығы) «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» (АӘТД) пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

10-сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығының 43 тармағына сәйкес «Көркем еңбек» пәні бойынша сыныптың толымдылығына қарамастан ұлдар мен қыздар үшін сыныпты екі топқа бөліп оқытылады.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2-11 (12) - сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды

2023-2024 оқу жылына оқушылардың оқу жүктемесі:

Қазақ тілінде оқитын сыныптар	Инвариантты компонент	Вариативті компонент	Лицейлік компонент	Максималды оқу жүктемесі
1 А	18,5	1	-	19,5
2 А	22	2	-	24
3 А	25	1	-	26
4 А	25	1	-	26
Барлығы	90,5	5	-	95,5
5 А	29	1,5	5	35,5
6 А	29	1,5	5	35,5
7 А	29	4,5	4	37,5
8 А	29	4,5	5	38,5
9 А	30	6	5	41
9 Ә	30	5	-	35
Барлығы	168	23	24	223
10 А	26	7	5	38
Барлығы	26	7	5	38

2024-2025 оқу жылында оқу процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету:

2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған

тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

-«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш,негізгі орта және жалпы орта, техникалық жәнекәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта,жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы;

- «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы;

- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы;

- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05 2020 ж. № 216 бұйрығы;

- «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы.

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 ж. № 323 және 08.02.2024 ж. № 27 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес білім беру ұйымдары:

- үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады;

- үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлігінің құрамына кіретін және нақты ұйымның ерекшелігін көрсететін оқу пәндері бойынша оқу жұмыс жоспарын және бағдарламаларын әзірлеуді білім беру ұйымы дербес жүзеге асырады.

- білім беру ұйымдары жұмыс оқу жоспарларының Үлгілік оқу жоспарына және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген барлық деңгейде білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес:

1-4-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының міндетті түрде оқытылуы қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны «Дүниетану» пәні аясында жүзеге асырылады. Жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады;

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады;

5-9-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту «Дене шынықтыру» оқу пәнінің аясында дене шынықтыру мұғалімдерімен жылдық 15 сағаттық оқу жүктемесімен жүзеге асырылады. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып есептеледі және оқу уақытында өткізіледі.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы) «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» (АӘТД) пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

10-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылына 34 сағат;

11-сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығының 43 тармағына сәйкес «Көркем еңбек» пәні бойынша сыныптың толымдылығына қарамастан ұлдар мен қыздар үшін сыныпты екі топқа бөліп оқытылады.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда - 33 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша: тілдерді кезең-кезеңмен оқыту аясында 3-сыныптан бастап аптасына 2 сағат көлемінде «Шетел тілі» пәнін оқыту енгізілетінін; 3-сыныпта «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері аптасына 1 сағаттан оқытылатынын; «Жаратылыстану» пәні 3-сыныпта аптасына 1 сағаттан, 4-сыныпта аптасына 2 сағаттан оқытылатынын ескеру қажет.

2024-2025 оқу жылына оқушылардың оқу жүктемесі:

Қазақ тілінде оқитын сыныптар	Инвариантты компонент	Вариативті компонент	Лицейлік компонент	Максимальды оқу жүктеме сі
1 А	18,5	1	0	19,5
2 А	22	2	0	24
3 А	25	1	0	26
4 А	25	1	0	26
Барлығы	90,5	5	0	95,5
5 А	27	1,5	5	33,5
6 А	27	1,5	5	33,5
7 А	28	4,5	4	36,5
8 А	28	4,5	5	37,7
9 А	29	6	5	40
Барлығы	139	18	2	181
10 А	28	7	4	39
11 А	28	7	4	39
Барлығы	56	14	8	78

2025-2026 оқу жылында оқу процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету:

2025-2026 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

-«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы;

- «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы;

- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы;

- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі

ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05.2020 ж. № 216 бұйрығы;

- «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы.

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.06.2024 ж. № 161 бастауыш сынып 1- қосымшасы және 15.04.2025 ж. № 74 негізгі сатыдағы 19, 27-қосымшасы бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес білім беру ұйымдары:

- үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес тандап алады;

- үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлігінің құрамына кіретін және нақты ұйымның ерекшелігін көрсететін оқу пәндері бойынша оқу жұмыс жоспарын және бағдарламаларын әзірлеуді білім беру ұйымы дербес жүзеге асырады.

- білім беру ұйымдары жұмыс оқу жоспарларының Үлгілік оқу жоспарына және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген барлық деңгейде білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес:

1-4-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының міндетті түрде оқытылуы қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны «Дүниетану» пәні аясында жүзеге асырылады. Жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады;

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады;

5-9-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту «Дене шынықтыру» оқу пәнінің аясында дене шынықтыру мұғалімдерімен жылдық 15 сағаттық оқу жүктемесімен жүзеге асырылады. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып есептеледі және оқу уақытында өткізіледі.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы

әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы) «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» (АӘТД) пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

10-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылына 34 сағат;

11-сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығының 43 тармағына сәйкес «Көркем еңбек» пәні бойынша сыныптың толымдылығына қарамастан ұлдар мен қыздар үшін сыныпты екі топқа бөліп оқытылады.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда - 33 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша: тілдерді кезең-кезеңмен оқыту аясында 3-сыныптан бастап аптасына 2 сағат көлемінде «Шетел тілі» пәнін оқыту енгізілетінін; 4-сыныпта «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері аптасына 1 сағаттан оқытылатынын; «Жаратылыстану» пәні 4-сыныпта аптасына 2 сағаттан оқытылатынын ескеру қажет.

2025-2026 оқу жылына оқушылардың оқу жүктемесі:

Қазақ тілінде оқитын сыныптар	Инвариантты компонент	Вариативті компонент	Лицейлік компонент	Максималды оқу жүктемесі
1 А	18,5	1	0	19,5
2 А	22	2	0	24
3 А	25	1	0	26
4 А	25	1	0	26
Барлығы	90,5	5	0	95,5
5 А	27	1,5	5	33,5
6 А	27	1,5	5	33,5
7 А	28	4,5	4	36,5
8 А	28	4,5	5	37,7
9 А	29	6	5	40
Барлығы	139	18	24	181
10 А	28	7	4	39
11 А	28	7	4	39
Барлығы	56	14	8	78

Сабақ кестесі

Оқу сабақтарының кестесі – оқу аптасының әр күніне арналған жалпы білім беретін мекемедегі оқу сабақтарының педагогикалық мақсатқа сай реттілігін анықтайтын және осылайша мектептің жұмыс оқу жоспарын нақтылайтын құжат.

Кесте негізінде:

- оқу сабақтарының кестесі;
- сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс;
- қосымша білім беру үйірмелері мен секцияларының жұмысы және т. б. ұйымдастырылды.

Сабақ кестесін жасау келесі бұйрықтар негізінде жүргізіледі:

- «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы;

- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы;

- «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы;

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы.

Білім беру ұйымындағы сабақ кестесін мектеп басшысы бекітіп, мектептің ата-аналар комитетімен келісіліп жасалған.

Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реттілігі көрсетіледі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалысы үшін жеткілікті ұзақтықтағы үзілістер көзделді.

Оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реттілігі

Кесте білім алушылардың оқу жүктемесін оңтайлы бөлуді, олардың жұмыс қабілеттілігін және олардың жан-жақты қызметі үшін жағдайларды сақтауды қамтамасыз етеді. Кесте құру кезінде оқу жоспарының барлық пәндері аптаның күндері бойынша қатаң түрде мектептің бекітілген оқу жоспарына сәйкес бөлінді.

Сабақ кестесін жасау кезінде оқушылардың күн мен апта ішінде ақыл-ой жұмысының динамикасы ескеріліп және қиындығы бойынша пәндерді саралау кестесі пайдаланылды (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығының 4-қосымшасы).

Сабақтың ұзақтығы 45 минуттан аспайды. Жалпы білім беретін білім беру ұйымдарының барлық түрлерінің білім алушылары үшін сабақтар арасындағы үзілістердің ұзақтығы кемінде бес минутты, үлкен үзіліс (екінші немесе үшінші сабақтардан кейін) – отыз минутты құрайды. Екінші

және төртінші сабақтардан кейінгі бір үлкен өзгерістің орнына әрқайсысы он бес минуттан екі өзгеріс қарастырылған, жалпы білім беретін ұйымдағы сабақтың ұзақтығы қырық бес минуттан аспайды.

Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін біртіндеп арттыра отырып, оқу сабақтарының сатылы режимі қолданылды.

4.3 Факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру

Факультатив сабақтар мен үйірмелер оқу жоспары мен сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі. Сабаққа қатысу журналдары жүргізіліп, уақтылы, сауатты, бағдарламалық және күнтізбелік –тақырыптық жоспарлауға сәйкес толтырылады. Факультативтік сабақтардың тиімділігі оқушының белгілі

тақырып бойынша білімдеңгейінің жоғарылауына, оқушы ынтасының белсенділігінің қалыптасуына, танымдық қабілетінің артуына әсер етеді.

2023-2024 оқу жылы

31 тамыз 2023 жылғы Педагогикалық кеңес шешіміне сәйкес вариативті компонентінің сағаттары төмендегідей енгізілді:

1 «А» сыныпта «Қызықты математика» 1 сағат

2 «А» сыныпта «Логика әлемі» 1 сағат және «Ұлттық ойындар» 1 сағат
вариативті компонент жүктемесі жалпы 2 сағат

3 «А» сыныпта «Қызықты математика» 1 сағат

4 «А» сыныпта «Ғажайып математика» 1сағат

5 «А» лицей сыныбында «Жаһандық құзыреттілік» 0,5 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар «Волейбол» 1 сағат, лицейлік компоненттен «Робот техникасы» 1 сағат, «Адам және табиғат» 1 сағат, «Толқынды өрнектер.» 1сағат , «Қызықты грамматика» 1сағат , «Шебер қолдар» 1сағат, жалпы оқу жүктемесі 6,5 сағат.

6 «А» лицей сыныбында «Жаһандық құзыреттілік» 0,5 сағат , дене шынықтыру: спорттық ойындар «Футбол» 1 сағат, лицейлік компонентінен «Робот техникасы» 1 сағат, «Атмосфера және климат» 2 сағат, «Жас оқырман» 1 сағат, «Сөз сыры» 1 сағат жалпы оқу жүктемесі 6,5 сағат.

7 «А» лицей сыныбында «Жаһандық құзыреттілік» 0,5 сағат, таңдау пәндері бойынша «Қолөнер» 1 сағат, «Қазақстанның климаты» 1сағат, «Тіл мәдениеті» 1 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар «Футбол» 1 сағат, лицейлік компонентінен «Робот техникасы» 1 сағат, «Физикалық шамалар» 2 сағат, «Логикалық есептер шығару» 1 сағат, жалпы оқу жүктемесі 8,5 сағат.

8 «А» лицей сыныбында «Жаһандық құзыреттілік» 0,5 сағат, таңдау пәндері бойынша «Домбыра» 1 сағат, «Жертану» 1сағат, «Графика негіздері» 1 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар «Волейбол» 1 сағат, лицейлік компонентінен «ІТ негіздері» 1 сағат, «Физика әлемі» 2 сағат, « Мәтінді есептер шешу» 1сағат, « Адам анатомиясы» 1сағат жалпы оқу жүктемесі 9,5 сағат.

9 «А» лицей сыныбында «Жаһандық құзыреттілік» 1 сағат, таңдау пәні бойынша «Оқу сауаттылығы» 1 сағат, «Мультимедиа технологияларының әлемі» 1 сағат, «Елтану» 1 сағат, элективті курс «Абайтану» 1сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар «Волейбол» 1 сағат, лицейлік

компонентінен «ІТ негіздері» 1 сағат, «Физикадан қиындықтары жоғары есептерді шешу әдістері» 2 сағат, «Тізбектер» 1 сағат, «Биология негіздері» 1 сағат, жалпы оқу жүктемесі 11 сағат.

9 «Ә» сыныбында «Жаһандық құзыреттілік» 1 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар «Волейбол» 1 сағат, білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің келесі комбинациясы оқу пәндері «Абайтану» 1 сағат, «Основы читательской грамотности» 1 сағат және «Жертану» 1 сағат

10 «А» лицей сыныбында таңдау пәндері «Биология» 2 сағат, «Химия» 2 сағат, «Жаһандық құзыреттілік» 1 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар «Волейбол» 1 сағат, элективті курс «Абайтану» 1 сағат, лицейлік компоненттен «Информатика әлемі» 1 сағат, «Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер» 2 сағат, «Физикадан эксперименттік есептер шығару» 2 сағат, жалпы апталық вариативтік оқу жүктемесі 12 сағатты құрайды.

2024-2025 оқу жылы

29 тамыз 2024 жылғы Педагогикалық кеңес шешіміне сәйкес вариативті компонентінің сағаттары төмендегідей еңгізілді:

1 «А» сыныпта «Қызықты математика» 1 сағат

2 «А» сыныпта «Қызықты Грамматика» 1 сағат және «Ұлттық ойындар» 1 сағат вариативті компонент жүктемесі жалпы 2 сағат

3 «А» сыныпта «Жас математика» 1 сағат

4 «А» сыныпта «Логика әлемі» 1 сағат

5 «А» лицей сыныбында «Жаһандық құзыреттілік» 0,5 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар «Волейбол» 1 сағат, лицейлік компоненттен «Робот техникасы» 1 сағат, «Экология негіздері» 2 сағат, «Жас оқырман» 1 сағат, «Шебер қолдар» 1 сағат, жалпы оқу жүктемесі 6,5 сағат

6 «А» лицей сыныбында «Жаһандық құзыреттілік» 0,5 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар «Волейбол» 1 сағат, лицейлік компонентінен «Робот техникасы» 1 сағат, «Атмосфера және климат» 1 сағат, «Программалау негіздері» 2 сағат, «Жас модельер» 1 сағат жалпы оқу жүктемесі 6,5 сағат

7 «А» лицей сыныбында «Жаһандық құзыреттілік» 0,5 сағат, таңдау пәндері бойынша «Қолөнер» 1 сағат, «ІТ негіздері» 1 сағат, «Тіл мәдениеті» 1 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар «Футбол» 1 сағат, лицейлік компонентінен «Робот техникасы» 1 сағат, «Мультимедиялық сауаттылық» 2 сағат, «Қазақстанның климаты» 1 сағат, жалпы оқу жүктемесі 8,5 сағат

8 «А» лицей сыныбында «Жаһандық құзыреттілік» 0,5 сағат, таңдау пәндері бойынша «Домбыра» 1 сағат, «Түркітілдес елдер географиясы» 1 сағат, «Тіл мәдениеті» 1 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар «Футбол» 1 сағат, лицейлік компонентінен «ІТ негіздері» 1 сағат, «Картография» 1 сағат, «Ғаламтор» 2 сағат, «Робототехника» 1 сағат жалпы оқу жүктемесі 9,5 сағат

9 «А» лицей сыныбында «Жаһандық құзыреттілік» 1 сағат, таңдау пәні бойынша «Эссе жазу жолдары» 1 сағат, «Web бағдарламалау» 2 сағат, элективті курс «Абайтану» 1сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар «Волейбол» 1 сағат, лицейлік компонентінен «Жертану» 1 сағат, «Графикалық дизайн» 1сағат, «Жасанды интеллект» 1 сағат, «Тізбектер» 1 сағат, «Биология негіздері» 1 сағат, жалпы оқу жүктемесі 11 сағат

10 «А» лицей сыныбында таңдау пәндері «География» 2 сағат, «Химия» 2 сағат, «Жаһандық құзыреттілік» 1 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар «Волейбол» 1 сағат, элективті курс «Абайтану» 1сағат, лицейлік компоненттен «Қазақстан тарихы пәнінен ҰБТ тапсырмаларын шешу» 1 сағат, «Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер» 1 сағат, «Физикадан эксперименттік есептер шығару» 2 сағат. Жалпы вариативтік оқу жүктемесі 11 сағат

11 «А» лицей сыныбында таңдау пәндері «Биология» 2 сағат, «Химия» 2 сағат, «Жаһандық құзыреттілік» 1 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар «Волейбол» 1 сағат, элективті курс «Абайтану» 1сағат, лицейлік компоненттен «Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер» 2 сағат, «Механика негіздері» 2 сағат. Жалпы вариативтік оқу жүктемесі 11 сағат

2025-2026 оқу жылы

25 тамыз 2025 жылғы Педагогикалық кеңес шешіміне сәйкес вариативті компонентінің сағаттары төмендегідей енгізілді:

1 «А» сыныпта «Логика әлемі» 1 сағат

2 «А» сыныпта «Қызықты математика» 1 сағат вариативті компонент жүктемесі жалпы 2 сағат

3 «А» сыныпта «Қызықты ертегілер» 1 сағат

4 «А» сыныпта «Тіл мәдениеті» 1сағат

5 «А» лицей сыныбында «Жаһандық құзыреттілік» 0,5 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар «Футбол» 1 сағат, лицейлік компоненттен «Графикалық дизайн» 2 сағат, «Экология негіздері» 1сағат, «Жас оқырман» 1сағат , «Қызықты математика» 1сағат, жалпы оқу жүктемесі 6,5 сағат, жылдық 221 сағат.

6 «А» лицей сыныбында «Жаһандық құзыреттілік» 0,5 сағат , дене шынықтыру: спорттық ойындар «Волейбол» 1 сағат, лицейлік компонентінен «Программалау негіздері» 2 сағат, «Атмосфера және климат» 2 сағат, «Математикалықесептеу» 1 сағат, жалпы оқу жүктемесі 6,5 сағат, жылдық 221 сағат.

7 «А» лицей сыныбында «Жаһандық құзыреттілік» 0,5 сағат, таңдау пәндері бойынша «Домбыра» 1 сағат, «Цифрлық әлем» 1сағат, «Робот техника» 1 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар «Волейбол» 1 сағат, лицейлік компонентінен «Алгебра есептері» 1 сағат, «Химия» 1 сағат, «Қызықты биология» 2 сағат, жалпы оқу жүктемесі 8,5 сағат. 34 апта оқу жылының ұзақтығын есекеріп, вариативтік оқу жүктемесі жылына 289 сағат.

8 «А» лицей сыныбында «Жаһандық құзыреттілік» 0,5 сағат, таңдау пәндері бойынша «Жасанды интеллект» 1 сағат, «Картография» 1сағат,

«Өңіріміздің ақын жазушылары» 1 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар «Футбол» 1 сағат, лицейлік компонентінен «Вертуалды шынайылық» 1 сағат, «Химия әлемі» 1 сағат, «Геометрия курсы» 1сағат, «Биология сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру» 2 сағат жалпы оқу жүктемесі 9,5 сағат. 34 апта оқу жылының ұзақтығын есекеріп, вариативтік оқу жүктемесі жылына 323 сағат.

9 «А» лицей сыныбында «Жаһандық құзыреттілік» 1 сағат, таңдау пәні бойынша «Оқу сауаттылығы» 1 сағат, «Web бағдарламалау» 1 сағат, «Қазақстанның климаты» 1 сағат, элективті курс «Абайтану» 1сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар «Футбол» 1 сағат, лицейлік компонентінен «Киберқауіпсіздік» 1 сағат, «Экология және қоршаған орта» 1сағат, «Химия есептері» 1 сағат, «Тізбектер» 1 сағат, «Планиметрия есептерін шығару практикумы» 1 сағат, жалпы оқу жүктемесі 11 сағат, 34 апта оқу жылының ұзақтығын есекеріп, вариативтік оқу жүктемесі жылына 374 сағат.

10 «А» лицей сыныбында таңдау пәндері «Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер» 2 сағат, «Елтану» 2 сағат, «Жаһандық құзыреттілік» 1 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар «Волейбол» 1 сағат, элективті курс «Абайтану» 1сағат, лицейлік компоненттен «Биология» 2 сағат, «Органикалық химия» 2 сағат. Апталық вариативтік оқу жүктемесі 11 сағат, оқу жылында 374 сағатты құрайды.

11 «А» лицей сыныбында таңдау пәндері «Органикалық қосылыстар құрылымы» 2 сағат, «Механика негіздері» 1 сағат, «Жертану» 1сағат, «Жаһандық құзыреттілік» 1 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар «Волейбол» 1 сағат, элективті курс «Абайтану» 1сағат, лицейлік компоненттен «Биология» 2 сағат, «Математикалықсауаттылық» 2 сағат.

"Kundelik.kz" электрондық журнал және үй тапсырмасы

"Kundelik.kz" электрондық журналда жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес 1-сыныптан 11-сыныпқа дейінгі ОЖЖ (РУП) инвариаттық бөлігінің пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар жарияланды .

Оқу бағдарламаларының орындалуын бақылауды мектеп әкімшілігі жүзеге асырады. Тексеру нәтижелері бағдарламалық материалдың зертханалық және практикалық жұмыстарды қоса алғанда, барлық пәндер бойынша ұзақ мерзімді жоспарлауға сәйкес орындалғанын көрсетті. Оқу жоспарларын іске асыру тиісті даярлық пен біліктіліктің педагог кадрларының қажетті санымен, бағдарламалық-әдістемелік материалдардың қажетті санымен және оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етіледі. Оқу бағдарламасын орындау кезінде қайталауға бөлінген сағаттар есебінен оқу бағдарламаларының мазмұнын интеграциялауды ескере отырып, келесі күндерге ауыстырылған мереке күндеріне түскен сабақтар ескерілді. Пән мұғалімдерінің оқу бағдарламаларының теориялық және практикалық бөлігін орындауы электронды журналда қалыптасады.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш,негізгі орта және жалпы орта, техникалық жәнекәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-

ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

Білім алушыларға үй тапсырмалары олардың орындау мүмкіндіктері ескеріле отырып беріледі, 2 сыныпта 5 минуттан, ал 3-4 сыныптарда 1 сағат 10 минуттан аспайды. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Жұмыс оқу жоспары бойынша оқу жүктемесінен аспайды.

1- сыныпта оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізілмейді. Кері байланыс сонымен қатар орындалған жұмыс нәтижесі бойынша түсініктемелер, рубрикалар, ұсыныстар арқылы мұғалім тарапынан жүзеге асырылады.

Үй тапсырмасын ұйымдастыру кезінде бастауыш сынып мұғалімдері қоңырау соғылмай тұрып, сабақ барысында оқушыларға үй тапсырмасы туралы ақпарат беріп отырады; үй жұмысын орындауы бойынша нұсқаулық өткізеді; келесі сабақта үй тапсырмасындағы қателермен жұмыс жасалынып отырады.

Тұжырымдама:

- оқу жұмыс жоспарында білім беру деңгейлері бойынша мектептің құрылымы және инвариантты мен вариативті компоненттерін іске асыру көрсетілген;

- ең жоғары сағаттық жүктеме көлемі 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 ТҚҚ сәйкес келеді, әр оқу жылына тиісті өзгерістер енгізілді;

- Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру толық көлемде жүргізіледі, әрбір тоқсан сайын бағдарламалық материалды игеру тексеріледі, қажет болған жағдайда бағдарлама мен ОМЖ-ға түзету жүргізіледі, "Күнделік" электрондық журналының толтырылуы бақыланады.

- МІБ жоспарына сәйкес сабақтардың жүргізілу деңгейі бақыланады, нәтижелері ПК отырысында, директор жанындағы кеңестерде қаралады. 2023-2024, 2024-2025 оқу жылына арналған 1-11 сыныптарда оқу жоспарының барлық пәндері бойынша бағдарламалар толық көлемде орындалды.

4.4 Оқу сапасының көрсеткіштері

2023-2024 оқу жылы

Сынып	Барлығы	Үздіктер	Екпінділер	Сапа %	Үлгерім %
2 А	15	4	8	80	100
3 А	7	3	2	71,4	100
4 А	14	5	5	71,4	100
5 А	12	5	6	92	100
6 А	7	3	4	100	100
7 А	8	1	3	50	100
8 А	12	3	5	67	100
9 А	11	3	6	81	100
9 Ә	10	0	4	40	100

10 А	8	6	0	75	100
Барлығы	104	33	43	73	100

2024-2025 оқу жылы

Сынып	Барлығы	Үздіктер	Екпінділер	Сапа %	Үлгерім %
2 А	8	2	3	62,5	100
3 А	14	4	7	78,5	100
4 А	7	3	2	71	100
5 А	13	6	3	69	100
6 А	12	4	5	75	100
7 А	6	2	2	67	100
8 А	8	0	4	50	100
9 А	11	3	5	73	100
10 А	13	0	7	54	100
11 А	9	7	0	78	100
Барлығы	101	31	38	68	100

Тұжырымдама: 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылдарын салыстырып қарасақ білім сапасы -5 % динамиканы көрсетіп отыр, себебі үздіктер саны -2 болса, екпінділер -5 оқушыны көрсетіп отыр. 2024–2025 оқу жылында пәндер бойынша білім сапасы өткен жылмен салыстырғанда төмендегені байқалды. Бұл жағдай сыныптағы оқушылар саны мен дайындық деңгейіне байланысты. Төмен нәтиже көрсеткен пәндер — математика, геометрия, биология. Мұғалімдер функционалдық сауаттылықты арттыру бағытында жұмыс жүргізіп, білім сапасына мониторингті күшейтуі қажет.

4.5 Ерекше білім беру қажеттіліктерін, білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру

«Білім туралы» ҚРЗ сәйкес инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.

Білім беру ұйымдары тарапынан ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқытудың ұйымдастырылуы Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім туралы» Заң, өзге де нормативтік құқықтық актілер негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылды.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі және орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған білім беру ұйымдарындағы инвариантты компоненттің білім беру пәндерінің көлемі мен мазмұны «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларына, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылды.

Мектепте психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды ұйымдастыру тәртібі «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығымен айқындалды.

«Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды мектептің педагогикалық ұжымымен ынтымақтастықта мамандар тобы жүзеге асырады.

Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қызметінің мүшелері әкімшілік, сынып жетекшілері, мұғалімдер, тәрбиешілер, психолог, әлеуметтік педагог.

2024-2025 оқу жылында инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогтердің кәсіби құзыреттіліктері. (Өрлеу БАҰО) 80 академиялық сағаттық біліктілік арттыру курсы бастауыш сынып мұғалімі Шакарова Б.К және педагог психолог Тұрсын М және негізгі мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі (ПШО) 80 академиялық сағаттық біліктілік арттыру курсы дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Досмыханов Ж және орыс тілі мұғалімі Мырзагожина О.Д оқып сертификаттарын алды. Пән мұғалімдері ЕББҚ оқушылармен жеке-дара жұмыстарын ұйымдастырады. Бейімделген оқу бағдарламасы – оқушының жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы білім беретін және арнайы үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жасалады. Қысқа мерзімді жоспарында ЕББҚ оқушымен жұмыс кезеңдері көрсетіледі. БЖБ, ТЖБ тапсырмалары да бейімделген бағдарлама негізінде жасалады.

2025-2026 оқу жылы инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогтердің кәсіби құзыреттіліктері. (Өрлеу БАҰО) 80 академиялық сағаттық біліктілік арттыру курсы бастауыш сынып мұғалімі Жанысов Б.Т оқып келді

	ЕББҚ оқушылар саны	Оның ішінде	
		Үйден оқитын	ЕББҚ мектепте оқитын
2023-2024 оқу жылы	1	0	1
2024-2025 оқу жылы	2	0	2

2025-2026 оқу жылы	2	0	2
--------------------	---	---	---

P/c	Сынып	ПМПК тұжырымы	Тұжырым берілген күні
1	4	Задержка психического развития. Общее недоразвитие 3 уровня	27.04.2023 дейін 25.05.2026
2	МАД	Задержка психического развития. Общее недоразвитие 1-2 уровня	22.05.2025 дейін 31.05.2026

ЕББҚ ететін оқушыларда айтылғандарға сүйене отырып, пән мұғалімдері оқушыға психологиялық-педагогикалық қолдау, баланың денсаулығы мен физикалық күшін қолдау, жеке бейімделген бағдарламасын қолдану, баланың танымдық мүмкіндіктерін анықтау және дамыту, оқу іс-әрекетінің табысты болуына жағдай жасау әрекеттерін бағыттай отырып іске асырады.

Тұжырымдама: 2025-2026 оқу жылына арналған ПМПК анықтамасы бойынша МАД сынып тәрбиеленушісі қайта даярлық тобына отырғызылды. Ерекше білім беруді қажет ететін 4 сынып және МАД сыныбының ЕББҚ ететін оқушыларға тиісті жағдайлар жасалған, мамандардың іс-әрекеті жүйелі түрде ұйымдастырылған, оның барысында оқушылар өз мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты білім алып, даму үстінде.

4.6 Дарынды оқушылармен жұмыс




Мақсаты: Дарынды балаларды анықтау және олардың дамуына ықпал ететін жағдайлар жасау. Дарынды балалармен жұмыс әдістемелік бірлестіктің бағдарламасы мен жоспарына сәйкес жүргізіледі және балалар туралы мәлімет жинақталған.







Мектептің педагогикалық ұжымы балаларға қабілеттерін толық ашуға, таңдаған қызмет түрінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге, олардың таланттары мен дағдыларын дамытуға жағдай жасауға тырысады.


Әр оқу жылы жыл қорытындысы бойынша “Жыл оқушысы” жүлделі орындарға ие болған оқушыларға арналған марапаттау жиыны өткізіледі.

Оқушылардың аудандық, қалалық, республикалық, пәндік олимпиадалар мен конкурстардың соңғы 2 жылдағы нәтижелері:

 Орынтай А	* “Ақберен” Республикалық өнер байқауының облыстық кезеңі бойынша 3 орын. *“Үздік оқырман” аудандық байқауынан 3 орын. *Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде қазақ тілі мен әдебиет пәнінен 8 сынып оқушысы 2 орын.	
---	--	---

	* 8-11 сынып оқушылары арасында “Махамбек оқулары” байқауының аудандық кезеңінен 2 орын. * “Ақберен” Республикалық өнер байқауының облыстық кезеңі бойынша 3 орын.	
 Қалел Т	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде қазақ тілі мен әдебиет пәнінен 3 орын.	
 Мұхамеджанова Ш	ЖББ пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 3 орын	
 Тайтуленова Ж	*8-11 сынып оқушылары арасында өткен облыстық “Ілияс Жансүгіров оқулары” байқауынан 3 орын. * “Ұлы даланың ұлы есімдері” аудандық Шоң би оқуларынан 3 орын * Аудандық “І.Жансүгіров оқулары” байқауынан 1 орын. * Аудандық ғылыми жобалар сайысынан орыс тілі пәнінен 3 орын	
 Мержан А	*Ауыл мектептерінің оқушыларының Республикалық олимпиадасының облыстық кезеңінен ағылшын тілі пәнінен 3 орын. *Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сыныптар арасында республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінен физика пәнінен 3 орын	

	*Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінен ағылшын тілі пәнінен 1 орын. *Ауыл мектептерінің оқушыларының Республикалық олимпиадасының облыстық кезеңінен ағылшын тілі пәнінен 3 орын. *Аудандық ғылыми жобалар конкурсында “Тіл білімі” бағытынан ағылшын тілінен 3 орын. *Облыстық “Жас экорепартер” сайысынан 3 орын. * Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен “Менің жобам- менің елім!” республикалық байқау 1 орын *Аудандық ғылыми жобалар сайысынан орыс тілі пәнінен 2 орын *Облыстық “Жас экорепартер” сайысынан 2 орын.	
Даирова А	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сыныптар арасында республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінен биология пәнінен 2 орын	
Оспанова Н	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сыныптар арасында республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінен Қазақстан тарихы пәнінен 3 орын	
Сапарова Ж	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сыныптар арасында республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінен орыс тілі пәнінен 3 орын	
Серікбай А	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сыныптар арасында республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінен ағылшын тілі пәнінен 2 орын III орын “Зерде” аудандық ғылыми жоба	
Майманов Д	*Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сыныптар арасында республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінен математика пәнінен 3 орын *“Зерде” республикалық конкурсының аудандық	

	кезеңінен ағылшын тілі пәнінен 3 орын	
Мустафина З	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сыныптар арасында республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 3 орын	
 Мухтарова А	*Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сыныптар арасында республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінен орыс тілі пәнінен 3 орын * 8-11 сынып оқушылары арасында “Махамбет оқулары” облыстық байқауынан 3 орын *8-11 сынып оқушылары арасында “Махамбет оқулары” аудандық байқауынан 1 орын	  
 Темірхан А	Ауыл мектептері оқушыларына арналған ЖББ пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 3 орын	
 Ақанова Г	“Зерде” республикалық конкурсының аудандық кезеңінен орыс тілі пәнінен 2 орын “Зерде” республикалық конкурсының аудандық кезеңінен орыс тілі пәнінен 3 орын	
Біртай М	“Зерде” республикалық конкурсының аудандық кезеңінен орыс тілі пәнінен 3 орын	

«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының ,«Кенгуру» ойын-конкурсының жүлдегерлері

р/с	Оқушының аты жөні	Деңгей	Жетекшілері
1	Баспаков Рамазан	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері I Дәрежелі Диплом 20-25.11.2024ж.	Бекенова А.А
2	Аймолдин а Айлин	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері I Дәрежелі Диплом 20-25.11.2024 ж.	Бекенова А.А
3	Бақытхан Раяна	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері I Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж.	Бекенова А.А
4	Егеубай Ернұр	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері I Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж. III Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж.	Бекенова А.А
5	Жұмашкен	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының	Бекенова

	Акнұр	жүлдегері I Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж. I Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж. «Кенгуру» ойын-конкурсы I Дәрежелі Диплом	А.А
6	Оралбек Бану	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері I Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж. «Кенгуру» ойын-конкурсы III Дәрежелі Диплом	Бекенова А.А
7	Биртай Бексұлтан	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері I Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж. III Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж. «Кенгуру» ойын-конкурсы I Дәрежелі Диплом	Бекенова А.А
8	Руслан Медина	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері I Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж. III Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж. «Кенгуру» ойын-конкурсы I Дәрежелі Диплом	Бекенова А.А
9	Жумабай Алинур	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері I Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж. III Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж.	Бекенова А.А
10	Самат Еркежан	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері I Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж. III Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж.	Бекенова А.А
11	Калел Исахан	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері I Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж.	Бекенова А.А
12	Бағдат Әдилә	«Кенгуру» ойын-конкурсы III Дәрежелі Диплом	Бекенова А.А
13	Шамильева Рамиля	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері III Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж.	Омарова А.А
14	Қайратбек Айбатыр	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері I Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж. II Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж.	Омарова А.А
15	Сайлаубай Нұрхан	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері I Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж.	Омарова А.А
16	Қозы-Көрпеш Айзада	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері II Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж.	Омарова А.А
17	Сайлаубай Нұрислам	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері I Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж.	Омарова А.А
18	Қиналаиден Айзада	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері I Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж.	Омарова А.А
19	Мұхаметқали	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының	Омарова

	Нұрасыл	жүлдегері ІІІ Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж. ІІІ Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж.	А.А
20	Смағұл Әлмірза	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері ІІ Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж.	Омарова А.А
21	Серік Жадыра	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері ІІ Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж. ІІ Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж.	Шакарова Б.К
22	Мұхамеджан Кәусар	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері ІІІ Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж. ІІ Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж. «Кенгуру» ойын-конкурсы ІІІ Дәрежелі Диплом	Шакарова Б.К
23	Азатова Раяна	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері ІІІ Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж.	Шакарова Б.К
24	Бақытхан Әли	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері ІІІ Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж.	Шакарова Б.К
25	Баспакова Назым	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері І Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж.	Шакарова Б.К
26	Қозы- Көрпеш Ерасыл	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері ІІІ Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж.	Шакарова Б.К
27	Құнанбай Айару	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері ІІ Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж.	Тогжигитов а Т.Т
28	Асқар Айлана	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері ІІ Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж.	Тогжигитов а Т.Т
29	Самат Ерасыл	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері ІІ Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж.	Тогжигитов а Т.Т
30	Амангелді Ерсұлтан	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері ІІ Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж.	Тогжигитов а Т.Т
31	Қозы Көрпеш Асылмұрат	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері І Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж.	Тогжигитов а Т.Т
32	Қайратбек Айзере	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері ІІ Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж. ІІІ Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж.	Акибай Г.И Казангапов а А.Р Изатбекова А.Б
33	Каримжанова Айлана	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері ІІІ Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж.	Акибай Г.И Казангапов а А.Р Изатбекова А.Б
34	Серікбай Ғани	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері І Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж.	Акибай Г.И Казангапов а А.Р

		III Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж.	Изатбекова А.Б
35	Оралбек Асылым	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері III Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж. 26.02- 03.03 2025 ж.	Акибай Г.И Казангапов а А.Р Изатбекова А.Б
36	Солтанбек Томирис	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері III Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж. 26.02- 03.03 2025 ж.	Акибай Г.И Казангапов а А.Р Изатбекова А.Б
37	Руслан Арлан	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері III Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж. 26.02- 03.03 2025 ж.	Акибай Г.И Казангапов а А.Р Изатбекова А.Б
38	Қозы- Көрпеш Айбибі	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері III Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж. 26.02- 03.03 2025 ж.	Акибай Г.И Казангапов а А.Р Изатбекова А.Б
39	Ризабек Нұрасыл	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері III Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж. 26.02- 03.03 2025 ж.	Акибай Г.И Казангапов а А.Р Изатбекова А.Б
40	Биртай Мансур	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері III Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж.	Акибай Г.И Казангапов а А.Р Изатбекова А.Б
41	Жұмашкен Ернұр	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері III Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж. 26.02- 03.03 2025 ж.	Акибай Г.И Казангапов а А.Р Изатбекова А.Б
42	Егеубай Нурали	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері III Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж.	Акибай Г.И Казангапов а А.Р Изатбекова А.Б
43	Абдрахман Дарын	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері III Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж.	Акибай Г.И Казангапов а А.Р Изатбекова А.Б
44	Рысқали Карим	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері I Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж.	Спанова Р.К Казангапов а А.Р
45	Мухтарова Аяулым	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері I Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж.	Спанова Р.К Казангапов а А.Р
46	Құсман Зере	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері III Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж.	Акибай Г.И Казангапов а А.Р

		II Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж. «Кенгуру» ойын-конкурсы III Дәрежелі Диплом	
47	Руслан Сардар	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері II Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж. II Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж.	Акибай Г.И Казангапов а А.Р
48	Серікбай Әли	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері II Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж.	Акибай Г.И Казангапова А.Р
49	Мұрат Айғаным	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері II Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж. III Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж.	Акибай Г.И Казангапова А.Р
50	Нағашыбай Мерейім	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері II Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж.	Спанова Р.К Казангапов а А.Р
51	Мухаметрахимов Санжар	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері II Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж.	Спанова Р.К Казангапов а А.Р
52	Майманова Мирель	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері III Дәрежелі Диплом 20 - 25.11.2024 ж. II Дәрежелі Диплом 26.02- 03.03 2025 ж. «Кенгуру» ойын-конкурсы III Дәрежелі Диплом	Акибай Г.И Казангапов а А.Р

Тұжырымдар: Соңғы 3 жылда дарынды оқушылармен жұмыс жасаудың рейтингісі жүргізіліп, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі олимпиадалар, ғылыми жобалар, конкурстардан алған жүлделі орындар бойынша оң динамикасы байқалады. Бұған бірден бір себеп әдістемелік қызмет пен мектеп әкімшілігі жұмысының маңызды бағыты біліктілікті арттырудың курстық жүйесі арқылы мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін ұдайы жетілдіріп отыруы, әр түрлі семинарлар мен конференцияларға мұғалімдердің қатысуы және мұғалімдер арасында ынталандыру жұмыстарының белсенді жүргізілуіне байланысты болып табылады.

«Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 7.12.2011 жылғы № 514 бұйрығы негізіндегі конкурстарға қатысып, нәтижелер көрсетуде.

Ұсыныс: 2024-2025 оқу жылында дарынды оқушылармен жұмысты жалғастырып, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі сайыстарға көбірек қатысу;

- Ұстаздардың біліктіліктерін арттыру курстарына, семинарлар мен конференцияларға тәжірибе алмасуға жіберу;
- Жоғары оқу орындарының мамандарымен, дарынды мектептердің

ұстаздарымен байланыс орнату.

Мектептің әдістемелік жұмысы.

Мектептегі әдістемелік жұмыс – өзінің ғылыми-теориялық және әдістемелік дайындығы мен кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында мұғалімдердің жүйелі түрде жүргізетін ұжымдық және жеке іс-әрекеттері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 583 бұйрығы негізінде жұмыстар жүргізілді.

Мектепте 4 әдістемелік бірлестік қызмет атқарады.

1. Жаратылыстану- математикалық бірлестік- бірлестік жетекшісі Иманғалиева Т.Е биология пәнінің мұғалімі, педагог- зерттеуші, еңбек өтілімі 25 жыл

2. Қоғамдық -гуманитарлық бірлестігі- әдістемелік бірлестік жетекшісі Камзин К.С тарих және география пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші, еңбек өтілімі 19 жыл

3. Бастауыш әдістемелік бірлестігі- жетекшісі Бекенова А.А бастауыш сынып мұғалімі, педагог- сарапшы, еңбек өтілімі 31 жыл

4. Шағын орталық бірлестігі- жетекшісі Оспанова З.К әдіскер, педагог-модератор, еңбек өтілімі 7 жыл

Әр бірлестіктің жылдық жұмыс жоспары, отырыстар жоспары, мұғалімдер туралы мәліметтер жинақталған. ӘБ мүшелерінің міндеттері белгіленді. Әр тоқсан сайын ТЖБ талдауларын жинақтап, талдау жасау, модерация үрдісін жүргізу. Жүктелген міндеттерді уақытылы, дұрыс орындалып отырды. ӘБ отырыс жоспарына сәйкес отырыстар өткізіліп отырды.

Аудандық, облыстық, республикалық семинарлар қашықтықтан қатыстырылып отырды. Мектепшілік семинарлар жоспар бойынша жүргізілді.

Сабақтастық бойынша атқарылған жұмыстар.

Мақсаты: Мектепке дейінгі мекеме мен мектептің мектепалды даярлық топ арасындағы сабақтастық пен үздіксіз білімділік, тәрбиелік, оқу-әдістемелік жұмысты қамту.

Сабақтастық баланы жүйелі сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өтуге бағыттау мақсатында мектепке дейінгі ұйым мен мектеп арасында жұмыстар жүргізілді. Мектепшілік бақылау жоспарына сай жылда қыркүйек айында 1, 5 және 10-сыныптар арасында сабақтастық шаралары өткізілді. Бұл жұмыс білім беру сатылары арасындағы өзара байланысты нығайту, оқушылардың жаңа оқу кезеңіне бейімделуін жеңілдету және мұғалімдер арасындағы әдістемелік бірлікті қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылды.

Жоспар бойынша педагогикалық консилиум өткізіліп отырады. Шараның негізгі мақсаты – білім алушылардың оқу жетістіктері мен бейімделу үдерісін талдау, педагогтер арасында оқушылардың оқу және психоэмоционалдық жағдайына байланысты ортақ шешімдер қабылдау

болды. Педагогикалық консилиумда 1, 5 оқушыларының бейімделу деңгейі және оқу үлгерімі төмен, ерекше назарды қажет ететін оқушылар туралы мәліметтер қарастырылды. Психологиялық-педагогикалық қолдау қажеттілігі бойынша бірнеше сұрақтар өңірінде кеңестер берілді. Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің ұсыныстары тыңдалды.

Қорытындысында нақты ұсыныстар қабылданып, түзету жұмыстары мен жеке қолдауды қажет ететін оқушылармен жұмыс жүргізу жоспары құрылды. Консилиум отырысының нәтижелері педагогикалық ұжымға бағыт-бағдар ретінде ұсынылды.

Тұжырымдама: Мектептегі сабақтастық жұмыстары оқу-тәрбие үдерісінің бірізділігі мен үйлесімділігін қамтамасыз етуге бағытталды. 1, 5 және 10-сыныптар арасында өткізілген сабақтастық шаралары арқылы оқушылардың жаңа оқу сатысына бейімделу ерекшеліктері ескеріліп, мұғалімдер арасында әдістемелік үйлесімділік қалыптасты. Бұл жұмыс оқушылардың біліміндегі үзілістерді болдырмауға, оқыту сапасын арттыруға және жеке қабілеттерін дамытуға оң ықпал етті.

«LessonStudy» зерттеу сабақтарының өткізілуі

Мақсаты: білім беру әдістерін тиімді пайдалана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру.

2023-2024 оқу жылының жоспарына сәйкес сабақты зерттеу 1 тоқсан қорытындысы бойынша педагогикалық кеңесте бекітілді. 1 циклда 3 сынып қамтылды, 3а, 5а, 9ә сыныптарында білім сапасын көтеру, сонымен қатар пән мұғалімдерінің өзара тәжірибе алмасуын, кәсіби шеберлігін, бақылау дағдыларын дамыту мақсатында сынып жетекшісімен, мектеп психологымен, мектеп әкімшілігімен бірлескен түрде Lesson Study өткізу жоспарланды.

Lesson Study-дің I циклы мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес өткізілді. Оқу жылының 1 тоқсанында төмен білім сапасын көрсеткен пәндер бойынша еңгізілді. Олар:

р / с	Сын ып	Пәндер	Пән мұғалімі	Мерзімі	Зерттеу тобы
LessonStudy-дің I циклы					
1	9ә	қазақ тілі	Мырзагожина О.Д.	13.11 16.11 20.11	Спанова Р.К. Акибай Г.И. Сембаева С.К.
2	5а	Қазақстан тарихы.	Самрах Б	13.11 17.11 20.11	Имангалиева Т.Е. Изатбекова А.Б. Камзин К.С.
3	3а	Бастауыш сынып	Мухаметрахим ова А.Д.	13.11 15.11 17.11	Бекенова А.А. Майманова Г.Б. Омарова А.А

LessonStudy-дің I циклында 1 тоқсан білім сапасының көрсеткіштері бойынша 3а сыныбында математика сабақтарында 13-17 қараша, 5а сыныбында қазақ тілі сабақтарында 13-20 қараша, 9ә Қазақстан тарихы

сабақтарында 13-20 қараша аралығында ұйымдастырылды.

Lesson Study - мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл ретінде ұйымдастырылып, оқушылардың білім сапасын көтеру мақсатында өткізілді.

Lesson Study барысында:

- Мұғалімдердің 3 тем кем емес зерттеу тобы жоспарланған әр сабаққа қатысты.
- Сабақ жоспарларына зерттелген оқушы деңгейіне сай әдіс- тәсілдерді өзгерту ұсынысы, бірлесе сабақ жоспарын құру жүргізілді;
- Үш деңгейдегі оқушыларды анықтап, зерттеу сұрағы аясында анықтамалық карточкалар жүргізіп отырды;
- Зерттеуді, бағалауды, бақылауды, талдауды бірлесе жүргізді.
- Оқушылармен сұхбат, сауалнама жүргізілді;
- Мұғалімдер бір-бірімен озық іс-тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды;
- Сабақ беру процесінде бірізділік пен жүйелілік артты;
- Зерттелген оқушының сабаққа деген қызығушылығы мен жауапкершілігі артқаны байқалды.
- Lesson Study мүмкіндіктерін мұғалімнің педагогикалық тәжірибесінде қолдануға көмектеседі.

Lesson Study - мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл ретінде ұйымдастырылып, оқушылардың білім сапасын көтеру мақсатында өткізілді.

Әлді жақтары:	Әлсіз жақтары:
LS үрдісі жүйелі жүргізілуі; Барлық санаттағы мұғалімдердің сабақ беру Бастауыш сынып толық қамтылды Сабақтарда жаңашыл әдіс- тәсілдердің қолдануы; Сабақтарда топпен, жұппен, жеке- дара жұмыстар жүргізілуі Акт мүмкіндіктері қолдану LS кейін қорытынды есеп беру, рефлексивті есеп жазу	Кей оқушылардың оқу үрдісіне араласпауы С оқушының даму динамикалары әлсіз Оқушылардың өз ойын еркін жеткізе алмауы Бағалау шынайы болмауы

2024-2025 оқу жылының жоспарына сәйкес сабақты зерттеу 2- тоқсан қорытындысы бойынша педагогикалық кеңесте бекітілді. 2 циклда 1 сынып қамтылды, ба сыныбында білім сапасын көтеру, сонымен қатар пән мұғалімдерінің өзара тәжірибе алмасуын, кәсіби шеберлігін, бақылау дағдыларын дамыту мақсатында сынып жетекшісімен, мектеп психологымен, мектеп әкімшілігімен бірлескен түрде Lesson Study өткізу жоспарланды.

Lesson Study-дің I циклы мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес өткізілді. Оқу жылының 1 тоқсанында төмен білім сапасын көрсеткен пәндер бойынша еңгізілді. Олар:

р	Пән	Пән мұғалімі	Мерзімі	Кесте	Зерттеу
---	-----	--------------	---------	-------	---------

/с				бойынша реті	тобы
LessonStudy-дің І циклы					
1	қазақ тілі	Тогжигитова Т.Т.	19.11 20.11 21.11	1 сабақ 1 сабақ 1 сабақ	Бекенова А.А. Спанова Р.К. Омарова А.А
2	Биология	Имангалиева Т.Е.	18.11 22.11 25.11	1 сабақ 4 сабақ 1 сабақ	Камзин К.С. Майманова Г.Б Арынова А.К.
3	Алгебра	Казангапова А.Р.	18.11 19.11 21.11	5 сабақ 5 сабақ 5 сабақ	Имангалиева Т.Е. Изатбекова А.Б. Камзина А.А.

LessonStudy-дің І циклында 1 тоқсан білім сапасының көрсеткіштері бойынша 4а сыныбында қазақ тілі сабақтарында 19-21 қараша, 8а сыныбында биология сабақтарында 18-25 қараша, 8а алгебра сабақтарында 18-21 қараша аралығында ұйымдастырылды.

Lesson Study - мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл ретінде ұйымдастырылып, оқушылардың білім сапасын көтеру мақсатында өткізілді .

Әлді жақтары:	Әлсіз жақтары:
Білім сапасы жоғарлауы; Оқушылардың белсенділікттері артуы; Өкіл ретінде таңдалған АВС оқушылары топтың шынайы нәтижесін көрсетуі Ерекше білім беруді қажет оқушылардың тапсырмаларды бір деңгейде орындай алуы Оқушылардың тәртібі қалыптасуы	LS зерттеу сұрағын анықтау LS барлық сабақтары фокус топпен жоспарланбауы (1-3 сабақ қана) Бақылаушылардың сабақтарға жүйелі қатыса алмауы Зерттеу сұрақтары бақыланбауы Бағалау барысында оқушылардың бағалауы ғана ескерілуі Сабақ уақытын тиімді пайдаланбауы

Оқушының іс-әрекеттік - компетенттік тәсілге бейімделуіне мүмкіндік беріледі. Әр оқушы үні ескеріледі, қолданылған әдістердің қаншалықты тиімді болғанын білу үшін пікірлесу мүмкіндігі туады, оқушылар сыни тұрғыдан ойлауға тартылады, жаңа тәсілдің тиімділігін көрсететін оқушының оқуы туралы деректер толық қамтылады, оқушыларға коллаборативті орта қалыптасады.

Тұжырымдама: Әдістемелік бірлестік жұмысы алға қойылған. Әр әдістемелік бірлестігі ашық отырысын ұйымдастырды. Қазіргі кездегі өзекті мәселелер, жаңашыл технологиялармен жұмыс жүргізу, қолдану бойынша тәжірибелерімен бөлісті. Пән онкүндіктері биылғы оқу жылында әдістемелік бірлестіктер бойынша өткізілді. Онкүндік барысында пән мұғалімдерінің қызметі, оқу үрдісін қйымдастырылуы, оқушылардың белсенділігі, шығармашылық жұмыстарының нәтижелелігі бақыланды. Кейбір өткізілген

сабақтар, сыныптан тыс шаралар мектептің инстаграмм парақшасына салынған жоқ.

Ұсынымдар:

- әдістемелік семинарды және әдістемелік жұмыстың басқа да формаларын ұйымдастыру
- сыныптан тыс, мектептен тыс пәндік және тәрбие жұмыстарын оқытудың түрлі нысандары мен әдістерін және шығармашылық түрде меңгеру

5 БӨЛІМ. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Қаратерек жалпы орта білім беру мектебінде тәрбие процесінің негізгі басымдықтары білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына деген құрмет пен сенім және балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету болып табылады. № 130 бұйрыққа сәйкес оқу-тәрбие жұмысының жоспары жұмыстың негізгі бағыттарын, іс-шараларды, жауапты және орындау мерзімдерімен қамтылды.

Еліміздің болашағына айналатын бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, оларға барынша әлеуметтік қолдау көрсету, олардың толыққанды

білім алуы үшін жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақстанның ұлттық саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Сынып жетекшісінің қызметі «Орта білім беру ұйымдарында сыныптық басшылық туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығымен реттеледі.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2- қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс.

Мектептің тәрбие жұмысы төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделіп жасалады.

Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық базасыкелесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

1. «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011жыл;
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8тамыздағы Заңы;
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
6. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169VI Заңы;
7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018

жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

2025-2026 оқу жылында мектеп бойынша 102 оқушы білім алуда.

Қаратерек жалпы орта білім беру мектебінің тәрбие жұмысы сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстар арқылы жүзеге асырылады.

2025-2026 оқу жылында мектебімізде 11 сынып жетекші, 1 психолог, 1 әлеуметтік педагог, 1 тәлімгер, 1 спорт нұсқаушысы, 1 АӘД мұғалімі, 1 кітапханашы жұмыс атқарады.

Тәрбиенің мақсаты: Тәрбие үдерісіне жаңашыл бағытты енгізу арқылы, оқушы бойына патриотизмді, азаматтық сананы, жоғары мәдениеттілікті қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтын тәрбиелеу, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Өзін-өзі дамытуға, оқушылардың жеке басын өзін-өзі анықтауға, олардың қоғамда сәтті әлеуметтенуіне жағдай жасау.

“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасы» өзекті мәселесін басшылыққа ала отырып және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың , бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бекітілген 2025-2026 оқу жылына жылдық жоспар жасалынып бекітілді.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

2023-2025 ОҚУ ЖЫЛДАРЫНДА ҚАРАТЕРЕК ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕПТЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ҚОРЫТЫНДЫСЫНА ТАЛДАУ

Мектепте үздіксіз жұмыс процесін басқарудың барлық тетіктерін қамтитын оқытудыңкешенді бағдарламасы бар. Мектептің тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде оқушылардың жас, дене және зияткерлік мүмкіндіктері ескеріледі. Мектептегі тәрбие жұмысы білім беру мазмұны, сыныптан тыс және мектептен тыс педагогикалық жұмыстар арқылы жүзеге асырылады. Осыған байланысты біздің мектепте сыныпта да, мектепте де тәрбие қызметін сауатты жоспарлауды және ұйымдастыруды көздейтін тәрбие жүйесі бар. Мектептегі тәрбие жұмысы негізінен оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін, қосымша білім беруді, оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамытуды, отбасын педагогикалық процеске қосуды қамтиды. Бұл өзара іс - қимылдың мақсаты-жауапкершілік тәжірибесін үлкендерден кішіге беру, баланың ересектермен және құрдастарымен ынтымақтастығы түрінде тұлғаны әлеуметтендіру негізін құру. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар болып табылады.

Тәрбиенің мақсаты: Тәрбие үдерісіне жаңашыл бағытты енгізу арқылы, оқушы бойына патриотизмді, азаматтық сананы, жоғары мәдениеттілікті қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтын тәрбиелеу, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Өзін-өзі дамытуға, оқушылардың жеке басын өзін-өзі анықтауға, олардың қоғамда сәтті әлеуметтенуіне жағдай жасау

2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмысы

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» өзекті мәселесін басшылыққа ала отырып және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың , бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бекітілген 2023-2024 оқу жылына жылдық жоспар жасалынып бекітілді.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

1) Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

2) Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1) Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2) Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3) Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4) Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5) Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

6) **Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

Сынып жетекшілерге толық біртұтас тәрбие бағдарламасы түсіндірілді. Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды. Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, таңдауына, шешім қабылдауына ұстын болатын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын анықтайды.

Әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, жауапкершілік, еңбекқорлық, бірлік, ризашылық, бауырмашылдық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарыту қажет.

Ұлттық мүдде құндылығы Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға атсалысуға, оңтайлы имиджін қалыптастыруға, еліміздің мүддесіне, қоғам

игілігіне адал қызмет етуге, ұлттық мұраға ұқыптылықпен қарауға және оны дәріптеуге, қазақ тілінің аясын кеңейтуге үлес қосатын, құқықтық, экологиялық мәдениеті жоғары ұрпақ тәрбиелеуге тұғыр болады.

Ұлттық мүдде құндылығын дарыту арқылы отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл, мемлекеттік рәміздерді қадірлейтін, елінің тарихын құрметтейтін, ұлттық мұраны, мәдениетті дәріптейтін, құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Ар-ұят құндылығы этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез-құлықты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандырады және мейірімділікке, еңбекқорлыққа баулуды көздейді. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді. Еңбек адам өмірінде маңызды. Адамның рухани дамуына, кәсіби әлеуетінің жетілуіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға, ел экономикасын көркейтуге тұғыр болады. Ар-ұят құндылығы академиялық адалдық қағидатын қолдау, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, отбасының, өз ортасының абыройын асыру, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, мейірімділік таныту арқылы қалыптасады.

Ар-ұят құндылығы арқылы адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын, ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сол себепті талап құндылығы білім алушылардың сыни және креативті ойлау, жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге, жаңаны тануға құштар болу, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, дұрыс қарым-қатынас орната білу, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау дағдыларын дамытуға бағытталады. Талап құндылығы құндылығы арқылы жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылығы жоғары, ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Адамзат баласының ежелден келе жатқан ортақ мүддесінің бірі – ұрпақ тәрбиесі. Ал келешек ұрпақ, өсіп келе жатқан жас буын – мемлекеттің болашағы. Оған ешкімнің таласы жоқ. Олай болса, енді бір бес-он жылдан кейін шешуші мемлекеттік құрылымдардың тізгінін ұстайтын азаматтардың төл тарихы мен мәдениетін тұмардай қастерлеп, әдебиетін әспеттеуі бүгінгі тәрбиенің, бүгін қалыптасып жатқан ұлттық сананың деңгейімен тығыз байланысты болмақ. Ал ақпарат тасқыны судай сапырылысқан мына жаһандану заманында қазақ жастарының ұлттық санасы қалай қалыптасып жатыр, қандай бағытқа бет алуда? Бұл бүгінгі күні санамызды өзге ұлттың, соның ішінде батыстың даңғаза музыкасы мен дарақы еңбектері аямай улап

жатқан тұста ел басқарып отырған азаматтар мен зиялы қауымнан бастап, қарапайым әрбір азаматты ойландыруы тиіс.

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.

Қыркүйек айында аға тәлімгер Асима Оразбековна Молдажанованың ұйымдастыруымен мектеп Парламентінің Президентін сайлауы өткізілді. Мектеп Президентіне 3 үміткер қатысты. Сайлау қорытындысы бойынша көп дауыс жинаған 9-сынып оқушысы Мухтарова Алия сайланды.

Мектеп бойынша «Тоқта, буллинг!» акциясы өткізілді. Акцияға барлық сыныптар белсене қатысты. Оқушылармен тәрбие сағаттары, тренингтер, пікірталас, ұйымдастырылды.

Ұстаздар күніне арналған «Дублер күні» мектепте білім алушылардың өзін –өзі басқару күні өткізілді. Жоғары сынып оқушылары мектеп мұғалімдеріне тосын сый жасап, төл мерекелерімен құттықтады.

1-қазан «Қарттар күні» мерекесіне орай мектеп оқушылары «Қарттарым- асыл қазынам» атты құттықтау бейнероликтерін жасады.

Облыстық «ЭКО бум» жобасының «Күзгі сыйлықтар» акциясы, «Қолданылған батареяларды және ПВХ өнімдерін жою» акциясына мектеп оқушылары белсене қатысты.

25 қазан - Республика күніне орай «Отан туым» акциясы ұйымдастырылып, оқушылар ту суретін бейнелеп, мектеп терезелеріне орналастырды. Сонымен қатар шағын орталық, МАД, 1-4 сыныптар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің елім-Қазақстан» патриоттық мәнерлеп оқу челленджіне оқушылар белсене қатысты. Республика күніне

орай «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында сынып сағаттары және кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Күзгі каникул кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында іс-шаралар жоспары құрылды. Осы мақсатта үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс, мектепішілік пән олимпиадасына дайындық және футбол мен волейболдан жарыс ойындары ұйымдастырылды.

2023 жылғы 15-25 қараша аралығында «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» атты республикалық онкүндік науқанының өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында «Құқықтық мәдениет және оның маңызы», «Құқық бұзушылыққа жол жоқ!» сынып сағаттары өткізілді. Мектептің әлеуметтік педагогі Камзина Аида Айдаргазиновна оқушылар арасында құқықбұзушылықтың көрінісін анықтауға арналған анонимді сауалнама алды. Сауалнамаға барлығы 70, 5-10 сынып оқушылары қатысты. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері 5-10 сынып оқушылары арасында «Бала құқығы – асыл қазына» тақырыбында эссе конкурсын ұйымдастырды. Бастауыш сынып оқушылары арасында «Мен бақытты баламын!» бақытты балалық шақ бейнеленген сурет байқауы ұйымдастырылды. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Майманов А.А., Досымханов Ж.Т. «Бақытты балалық шақ» 1-4 сынып оқушылары арасында көңілді эстафеталық жарыс өткізді. «Ұшқыр ой алаңы» дебат жетекшісі Топанова С.А. «Мен және менің құқығым» тақырыбында 8-10 сынып оқушылармен пікірталас ұйымдастырды. Мектепте «Сенім жәшігі» әр апта сайын қаралып отырады. «Түнгі қаладағы балалар!», «Жасөспірім», «Көше» сияқты кең ауқымды рейдтер жүргізіліп отырады.

2023 жылғы 8-20 қараша аралығында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты республикалық онкүндік науқанының өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу. Зорлық - зомбылықтың баланың мінез-құлқына әсер ету ерекшеліктері бар. Ата-анасы және басқа да заңды өкілдері ата-аналық құқықтарын жүзеге асырған кезде баланың дене және психикалық денсаулығына, оның имандылық дамуына зиян келтіруге құқылы емес. Баланы тәрбиелеу тәсілдерінде баланың адамдық қадір-қасиетіне менсінбей қатар, дөрекі қарау, оны қорлау немесе қанау болмауға тиіс.

Сынып жетекшілер «Тоқта,буллинг!», «Буллинг деген не?» сынып сағаттарын өткізді. Әлеуметтік педагог Камзина А.А. «Ерте жүктіліктің алдын алу» 7-10 сынып оқушыларының қыздарымен әңгіме – сұхбат жүргізді.

Мақсаты: өскелең ұрпақтың, қыздардың бойына сапалы білшім мен саналы тәрбиені сіңіру, болашақ жар, ана екендіктерін ұғындыру, салауатты өмір салтын ұстануды насихаттау, адам баласының өмірінде болатын әрбір кезеңнің өз орны, өз уақыты бар екенін ұғындыру, қыз баланың ары мен

абыройы, сыры мен сымбатын сақтауы, келешек өміріне даярлығы – қыз баланың болмысын биіктететін, оның тұлғалық ерекшеліктерін айқындау.

Мектеп психологтері оқушылар арасында буллинг және бопсалау көріністерін анықтауға арналған анонимді сауалнама жүргізді. Әлеуметтік педагог Камзина А.А. 5-10 сынып оқушыларымен «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Мақсаты: оқушыларға зорлық- зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға , бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу.

Мектепте «Сенім жәшігі» әр апта сайын қаралып отырады. «Түнгі қаладағы балалар!», «Жасөспірім», «Көше» сияқты кең ауқымды рейдтер өткізіліп отырады.

Қорытынды: Қорытындылай келгенде, оқушылармен құқық бұзушылықтың және зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жұмыстар үнемі қадағаланып отырылды.

Ұсыныс: Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.

Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы бойынша жұмыс жоспары құрылып, жоспар негізінде іс-шаралар өткізілді. Әлеуметтік экономикалық жағдайлардың күрделілігіне қарамастан, отбасы балаларды әлеуметтендірудің негізгі институты болып қала береді. Ата-аналардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық шындыққа қаншалық бейімделе алатынынан және позитивті ата-ана болу құзыретін қаншалық дамыта алатынынан біздің мемлекетіміздің балалары мен жастарының толыққанды дамуы мен жалпы әл-ауқаты қамтамасыз етілетін болады.

Позитивті ата-ана мәдениетін дамыту республиканың білім беру ұйымдарының педагогтарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырылуы мүмкін. Позитивті ата-ана мәдениетінің мәні – баланың терең түсінігінде, оның қажеттіліктерін, тілектерін, белгілі бір мінез-құлықтың себептерін, жеке тұлғаның толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауда.

Позитивті ата-ана – достық қарым-қатынасқа негізделген ата-ана стилі, бала мен ересек адамның қолдауы, өзара ынтымақтастығы. Мұндай тәсілдің нәтижесі – орталықтың мақсаттары мен міндеттерінде көрініс табатын біздің қоғамның басты байлығы ретінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету.

Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік

құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

Бұл ретте баланың әл-ауқаты оның физикалық және психикалық денсаулығын қолдауға және жақсартуға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздігімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған факторлардың жиынтық әсері кезінде қалыптасқан жағдай ретінде қарастырылады.

Орталық қызметінің принциптері:

- Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы;
- Үдерістің гуманистік бағыттылығы;
- Ата-аналарға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету;
- Заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану;
- Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен білікті сарапшыларды тарту.

Орталықтың қызметі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда әр отбасына өз әлеуетін ашуға көмектесу, ата-аналардың алдында тұрған мәселелерді шешуге жәрдем беру маңызды. Бұл жағдайда келесі факторларды ескеру қажет:

1. Әр отбасының мықты жақтары мен маңызды практикалық дағдылары бар.

2. Ауызбіршілігі күшті отбасы кез келген қиындыққа төзімді болады.

3. Тіпті қиын кезде де ата-аналардың көпшілігі балаларын жақсы көреді және оларға қамқорлық жасайды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Тыңдаушыларына отбасының әлеуетін ашуға арналған идеялар мен құралдар, сондай-ақ балалармен табысты қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы орта құру тәсілдері ұсынылады.

Қатысушы ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгертетінін біледі, баланың мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерді үйренеді. Ата-аналар балаларымен қарым-қатынастың экологиялық таза тәсілдерін меңгереді, бір-бірін тыңдау және есту қабілетін дамытады, балалардың өздерін қауіпсіз сезінуіне көмектесетін шектеулерді қалай қою керектігін түсінеді, отбасындағы қарым-қатынасқа жаңа көзқараспен қарайды.

Орталықтың тақырыптарымен танысу бойынша болатын кездесулер және ата-аналардан алынатын сауалнама осы жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі

кезеңде әр түрлі жастағы: 1–4 сынып; 5–9 сынып; 10–11 сынып оқушыларының ата-аналары үшін жүргізіледі.

Әр бағдарлама жылына сегіз сабақты қамтиды, олардың екеуі үшеуі мектептің өзіне қатысты мәселелер мен тақырыптар бойынша өткізілуі мүмкін.

Орталықтың сабақтары кестеге сәйкес, әр түрлі формаларды қолдана отырып, жеке өткізіледі.

Орталықтың қызметіне белсенді ата-аналарды, аға буын өкілдерін тарту көзделген.

Әр өткізілген шараға ата-аналар белсене қатысып, өткізілген шаралардың барлығы әлеуметтік желіге салынып отырылды.

Мектепте «Балалар кітапханасы» жобасы жылдық іс-шаралар жоспары құрылды. Құрылған жоспар аясында іс-шаралар өткізіліп отырады. Жобаға ата-аналар, оқушылар қатысады. Сынып кабинеттерінде кітап оқу бұрыштары құрылды. Мектеп кітапханасында «Қазақ қаламгерлері», «Тарихи романдар» бұрыштары әзірленген және оқушылар әдеби кітаптар алып оқиды. Үзіліс кезінде оқушылар кітап оқиды. Ай сайын бракеражды бақылау комиссиясының төрайымы, қамқоршылық кеңесінің төрайымы және мүшелері мектеп асханасының санитарлық жағдайын, ыстық тамақ ішетін балалардың тамақтануын және ас мәзірін тексеріп отырды.

15 қараша – Ұлттық валюта теңге күніне орай тәрбие сағаттары өткізілді.

Мектепте үзіліс кезінде «Қызықты үзілістер» жобасы ұйымдастырылады. Үлкен үзіліс кезінде оқушылар қазақтың ұлттық ойындарын ойнайды. Вирустық инфекцияның алдын алу бойынша және «Бала жарақатының алдын алу және алғашқы көмек көрсету» тақырыптарында мектеп медбикесі оқушыларға түсінік берді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне арналған «Тәуелсіз елім-тірегім!» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Мектеп парламенті және бастауыш сынып оқушылары «16- желтоқсан Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай құттықтау бейнероликтерін жолдады. . Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай мектебімізде «Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» бірлестігінің қатарына оқушыларды қабылдау рәсімі өтті.

«Қош келдің, Жаңа жыл!» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шарада көркем еңбек пәнінің мұғалімі ұйымдастыруымен оқушылар шыршаға арналған безендіру ойыншықтарын жасады. Мектебімізде 26 желтоқсан күні МАД және бастауыш сыныптар арасында және 27 желтоқсан күні 5-10 сыныптар арасында жаңа жыл мерекесі өткізілді.

Мектебімізден 27 желтоқсан күні бүлдіршіндерге арналған аудан әкімінің жаңа жылдық шыршасына 5 оқушы барды. Оқушыларға мерекелік сыйлық ретінде

50 000 теңге сертификаты мен тәтті сый табыстады.

Академик Қ.И.Сәтпаевтың туғанына 125 жыл толуына орай бірыңғай сынып сағаттар және орта буын сыныптар арасында квест ойыны өткізілді. Қ.Сәтпаевтың 125 жылдығына орай бастауыш сыныптарға арналған «Сәтпаев білім марафоны» жоспарына сәйкес сынып оқушылары бірлесіп «Қаныш Сәтпаев – жан-жақты ғалым» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Оқу –ағарту министрлігі мектептердегі әлеумметік –эмоционалдық ахуалды жақсарту мақсатында «ДОСБОЛLIKE»Республикалық акциясын бастады.Қаратерек жалпы орта білім беру мектебінің оқушылары «ДосболLike: Достық қолын ұсын» акциясына қосылды. Акция барысында мектеп Парламенті мен мектеп оқушылары,мұғалімдер, ата-аналар және бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынасын нығайту, қолайлы жағдай жасау мақсатында «ДосболLike:Достық қолын ұсын»акциясын өткізді.Акция аясында «Достық –біздің тірегіміз» атты тәрбие сағаттары,5-7 сынып оқушылармен «Спорттағы достық»бағыты бойынша баскетболдан жарыс өткізілді. «Шығармашылық ынтымақтастық» бағыты бойынша «Достық балалар көзімен» атты суреттер көрмесі ұйымдастырылды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде «Төрт тоқсан төрт өнер» және «ДосболLike: достық қолын ұсын» акция аясында «Көңілді үзілістер» шарасы ұйымдастырылды. Мектебімізде «ДосболLike: достық қолын ұсын»акция аясында мұғалімдер, ата-аналар мен оқушылар арасында волейбол жарысы өткізілді.

